

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ХАЛЫҚҚА БІЛІМ БЕРУ УЎЗІРЛІГІ
ӘЖІНИЯЗ АТЫНДАҒЫ НӨКІС МЕМЛЕКЕТТІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
ИНСТИТУТЫ**

**ФИЛОЛОГИЯ ФАКУЛЬТЕТІ
«ҚАЗАҚ ТІЛІ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТІ» КАФЕДРАСЫ**

«Түркі халықтарына ортақ наным-сенімдер» тақырыбындағы

БІТІРУ МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Орындаған: «Қазақ тілі және әдебиеті» тәлім
бағдарының бітірушісі 4 курс студенті
Рахманова Ботакөз

ҒЫЛЫМИ БАСШЫ: ф.ғ.д., проф. К.Алламбергенов_____

асс. Т.Төрткулбаева_____

Бітіру мамандық жұмысы кафедрадан қорғаудан өтті.
_____ санды протоколы «__»_____2014 жыл

НӨКІС-2014

Бітіру мамандық жұмысы Қазақ тілі және әдебиеті кафедрасы
мәжілісінің 2014 жыл ____№ _____санды протоколымен қорғауға ұсынылды.

Филология факультеті

деканы:

ф.ғ.к. доц. Г.Қурбаниязов

Кафедра меңгерушісі:

ф.ғ.к. доц. А.Оразымбетов

Ғылыми жетекші:

ф.ғ.д. проф. К.Алламбергенов
асс. Т.Төрткулбаева

Рахманова Ботакөздің «Түркі халықтарына ортақ наным-сенімдер»
тақырыбындағы бітіру мамандық жұмысына мемлекеттік аттестация
комиссиясы қарарымен

«____» (____%) қойылсын.

«____» _____ 2014 жыл

МАК хаткері:

Ы.Қуттымуратова

Автордың аннотациясы

Кіріспе

I ТАРАУ

1.1.Түркі халықтарына ортақ сенімдер

1.2.Аңшылыққа байланысты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер

II ТАРАУ

2.1. Қазақ халқының жануарларға байланысты наным-сенімдері

2.2. Ас беру және оған байланысты халық сенімдері

2.3. Салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерге байланысты сыныптан тыс сабақ үлгісі

Қорытынды

Пайдаланған әдебиеттер

АВТОРДЫҢ АННОТАЦИЯСЫ

Тақырыптың көкейтестілігі: Мектептегі оқу мен тәртібінің өмірмен, салт-дәстүрмен, қазақы наным-сенімдермен байланысын нығайту әдебиет мұғаліміне үлкен міндет жүктейді. Методикалық шеберлік әдебиет сабақтарда оқушылардың дүниеге көзқарасын қалыптастырады; олардың идеялық-саяси және моральдық-эстетикалық жақтарынан өсіп жетілуіне көмектеседі, ал сыныптан тыс әр халықтың дәстүр-сенімдерін үйреніп отыру олардың ғылыми-этнографиялық ойлай білушілік қабілетін жетілдіріп, ізденімпаздығы мен талғамын дамытады.

Әдебиет оқулығы құнды туындыларды, әдебиеттің тарихи курсының алғашқы үлгілерін қамтиды. Бастауыш білім алған шәкірттің жоғары сыныпқа келгенде ауыз әдебиетімен танысудан бастап, поэзиялық, прозалық шығармаларды оқуға, талдаудың алғашқы түрлерін үйренуге, әдеби-теориялық білім иелеуге, әдебиетпен байланысты салаларға болған қызығушылығының бастапқы, негізгі қадамы қалыптасады. Сол үшін жұмысымыздың көкейтестілігі де сонда.

Жұмыстың мақсаты мен міндеттері: Әдебиеттің адамтану, қоғамтанудағы қызметі-оқушылардың творчестволық ойлауы мен қабілетін жетілдіруге, ауызша және жазбаша сөйлеуді меңгеруіне, шәкірттердің эстетикалық мұраттары мен талғамын дұрыс танып, ұғына білуіне бағытталады. Жалпы айтқанда әдебиеттен тыс оқу арқылы оқушының ой-санасын дамыту, көркем шығарма оқуға, ғылыми ізденуге деген ынтасын қалыптастыру болып табылады.

Зерттеу объекті мен предметі: Мектепте әдебиеттен оқулықта берілген материалдармен бірге сыныптан тыс әдеби мәліметтермен де таныстырып баруға ерекше көңіл бөлу керектігі, көркем шығарманы оқуға,

дұрыс қабылдауға, ондағы образдарды таныту мәселесі көкейімізде жүр. Дегенмен, оған басқа мәселелерге қарағанда ат салысу бакалавр мамандығын алатын бітіруші студент үшін күрделі мәселе болады. Бірақ, сыныптан тыс материалдарды оқытудағы көрнекі ғалымдардың, әдіскер-ұстаздардың методикалық еңбектері жұмыс жасауымызда негіз болды. Бітіру жұмысымыз барысында С.Мәжінбеков, Х.Маданов, Х. Арғынбаев т.б. еңбектерінен пайдаланылды.

Зерттеу методикасы мен әдістері: Жұмысты жазу барысында салыстыру, жүйелеу, баяндау, бақылау, сипаттау, салыстырмалы, мазмұндық сипаттау, сын тұрғысынан ойлау, іздену әдістері қолданылды.

Зерттеу нәтижелерінің ғылыми жаңалықтары: Зерттеу жаңалығы тақырыптың актуальдығына байланысты. Түркі халықтары мен қазақ халқының ерте кездегі және бүгінгі күні қолданып жүрген наным-сенімдері, дәстүрлердегі салт-сана сияқты мәселелерге кеңінен тоқталады. Сонымен бірге жануарлар жайындағы сенімдер мен ас беру мәресімдеріндегі халық ұғымдары жаңаша пікірлермен көрсетіліп өтті. Осы мәселелер жұмыста жан-жақты талданады.

Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңызы мен ұсынысы:

Түркі және қазақ халықтарының наным-сенімдерін сабақтан тыс танытудағы мұғалім шеберлігі оқушының дүниеге көзқарасын қалыптастыруда, ой-санасын тереңдетуде, сондай-ақ қазақ халқының этнографиясына болған қызығушылығын арттыруға тигізер әсері мен көмегі мол.

Диплом жұмысында айтылған студенттің ұсыныс-пікірлері жоғары және арнаулы орта оқу орындары студенттері мен мектеп мұғалімдері үшін аса қажетті мәліметтер ретінде пайдалануға болады.

Жұмысымызда ғылыми сараптама жасап жаңалық ашпағанмен іздену барысында мектепте әдебиет пәнінен сыныптан тыс сабақтарды өтуде осы мәселенің басын ашатындай дәрежеге жеттік.

Жұмыстың құрылысы мен ізбе-ізділігі: Диплом жұмысы кіріспеден, негізгі екі бөлімнен тұрып, қорытындыда зерттеу нәтижелеріне толық тұжырым жасалды.

Ғылыми басшы:

ф.ғ.д. К.Алламбергенов

асс. Т.Төрткулбаева

студент: Б.Рахманова

КІРІСПЕ

Әдебиетті мектепте оқыту әдістемесінің алдына қояр мақсаты- әдебиетті өмірмен байланыстыра оқыту, әдеби шығарманың тәрбиелік мәнін тиімді пайдалану, шәкірттерді өз бетімен көркем шығарманы оқуға қызығушылығын қалыптастырып, өз тарапынан ойланып-толғануға тәрбиелеу, таным әдісіне үйрету.

Білім мен ғылым тақырыбы Президентіміз И.А.Каримовтың барлық еңбектерінде атап өтіліп, үлкен мәнге ие болып отыр. «Биз комил инсон тарбиясини давлат сиёсатининг устувор соҳаси деб эълон қилганмиз. Комил инсон деганда биз, аввалло, онги юксак, мустақил фикрлай оладиган, хулқ-атвори билан ўзгаларга иброт бўладиган билимли, маърифатли кишиларни тушунамиз»¹

Мектептегі оқу мен тәртібінің өмірмен, өнімді еңбекпен байланысын нығайту әдебиет мұғаліміне үлкен міндет жүктейді. Сондықтан әдебиетпен бірге сыныптан тыс та әдебиетпен қатысты мәселелерді де тереңнен білу сауатты, жан-жақты пікірлі шәкірттерді тәрбиелеуге тигізер септігі мол.

Түркілер иудаизм, буддизм, манихеизм, зороастризм, христиандық және Исламды дін ретінде қабыл етпей тұрып, өз наным сенімдеріне қандай ат бергендігі нақты белгілі емес. Қалай айтсақ та «түркі халықтарының дәстүрлі діні» деген тақырыптағы сенім-нанымдарға әр қилы аттар берілді (Кейбір зерттеушілер *шаманизм*, кейбіреулері *тоюнизм*, енді біреулері *бір тәңірлі дін* деген ат берді).

Солардың ешбіреуі түркі халықтарының өзіндік діни сенімдерін толықтай қанағаттандыра алмады. 1920-30 жыл бұрын-ақ түркі халықтарының дәстүрлі сенімдері шаманизм деп аталып келген-ді. Бірақ түркі халықтарының шаманизм деген діні де, басқа діндері де болмаған,

¹ И.А.Каримов. «Ёшларимиз-халқимизнинг ишончи ва таянчи» Ташкент 2006.

сондай-ақ шаманизм толықтай діни феномен бола алмаған. Ол бір жол, бағыт болып табылады, оның түркілердің діни сенімдеріне онша қатысы жоқ.

Түркі халықтары шаманизм деп аталатын жолды да, анимизмге қатысты элементтерді де, тотемизмге байланысты кейбір ерекшеліктерді де ұстанды, бойына сіңірді, бірақ бұл аталған жайттар ешбір уақытта өз басына дін ретінде танылмады. Тек дәстүрлерде, діни сенімдер арасында өмір сүріп келді. Мұнымен қоса, түркі тайпаларына ортақ, бүгінде Сібір-Алтай түріктері арасында әлі де болса, белседілігін жоғалтпаған дәстүрлі діни сенімдер баршылық. Мұны түркілердің ұлттық сенімдері деуге де болады. Бұл ұлттық сенімдер басқа діндер мен мәдениеттердің ықпалына ұшырағаны сияқты, басқа дін мен мәдениетке де ықпал етті.

Түркі халықтарының дәстүрлі діні – толеранттық дін болып табылады. Бұл діннің сенім негіздері жалғыз ғана тәңірге және оның еркі барлық нәрсеге жүріп тұратындығы туралы доктринаға құрылды. Сондықтан Исламды қабылдаған түркілер ескі діни сенімдеріне тән кейбір элементтерді ешбір өзгеріссіз жалғастыра берді. Ал кейбір мәселелерде шамалы ғана өзгерістер жасады. Исламға қайшы деп білгендерін жойып отырған немесе жаңа сипатқа ие етіп, ислами идеологияға сәйкестендірді. Ескі сенімдеріне тән элементтердің еш өзгеріссіз Исламды қабылдағаннан кейінгі жерде де жалғастырылуы – ескі сенімдердің Исламның түпкі идеясына сәйкес келетіндігінің бір дәлелі. Шынын айтқанда, түркілердің Исламды барлығы бірден және өз еріктерімен дін ретінде қабыл етулері осы негізбен байланыстырылады.

Барлық бұл білдірілген мәселелер бола тұра, саяхатшылардың түркілердің сенімдеріне қатысты айтқан мәліметтерінің арасында, тіпті бір саяхатшының берген мәліметтерінде қарама-қайшылықтар кездеседі. Бірақ ортақ келісілген нәрсе және Орхон Ескерткіштерінде жазылған түркілердің жалғыз тәңірі, ұлы тәңір сенімін өзгеріске ұшыратпай әрі өмірлерінде жақсы іске асырулары. Бұдан бөлек сенім, құлшылық және өмірлеріндегі

мәліметтер, саяхатшылардың назарына сүйенеді. Бұл зерттеулерде өлкелердің, топтардың, тайпалардың сауатты немесе надан топтардың ықпалы болуы керек. Мұны Түркияны толық білмейтін зерттеушілер қазіргі кезде жасаса, түрлі сенімдерді табулары мүмкін. Зиялының, оқығанның, наданның, халықтың, дін адамының, мешіттегілердің, сырттағылардың бір-бірінен бөлек сенімі мен түсінігі, тіпті іске асырулары болғандығын көреміз. Бұл тек қана біздің өлкеміз үшін ғана емес, барлығына қатысты.

Түркі халықтарының дәстүрлі діндерінде екі түсінік, екі тармақ бар. Олардың бірі – шаманизм, тотемизм және политеизмге тән элементтер сақталған «халық діні», ал екіншісі – шаманизм мен тотемизмге қайшы келетін, біртәңірлікті дәріптейтін «ресми діні». Бұл екі тармақтың өзара айырмашылығы болса да, бір-бірімен тіптен байланыссыз деуге болмайды. Біреуі тайпаның, екіншісі алпауыт мемлекеттердің өмір мұраттарына бағынып, дамып отырды. Мемлекет діні мен халық діні арасында кейбір айырмашылықтар болғанмен, екеуіне де ортақ наным-сенімдер мен элементтер бар. Өзара ортақ жақтары айырмашылықтарға қарағанда басымдау.

Қытайлық, византиялық, армениялық және сириялық дерек көздері түркі тайпаларының барлығында біртәңірлік, яғни Көк Тәңірі сенімі болғанын айғақтайды. Ғұндар, көк түріктер, ұйғырлар сияқты түркі мемлекеттерінде, түркі тайпаларының барлығында дерлік дін орталығында Көк Тәңірі (Ұлы Тәңір, Бір тәңір) сенімі бар. Көк Тәңірі сенімінің негіздерін Орхон жазбаларынан анықтауға болады. Орхон жазбаларында жиі ұшырасатын «Тенгри», кейде «Түрік Тенгриси» деп те аталады және бір ғана «ұлттық тәңірі» ерекшелігіне ие болды.

Түркі диалектілік ерекшелігінде Тәңір; «Тәңгри», «Тангара», «Тингир», «Көк Тенгриси» және осылардан тараған сөздермен білдіріледі. Көк-Аспан Тәңірі терминіндегі Аспанның Тәңірдің сипаты ретінде, «Ұлы»

мағынасында қолданылғандығы қабыл етілген. Сол себепті Көк Тәңірі «Ұлы Тәңір» дегенді білдіреді.

Түркі тайпаларының барлығында дерлік «Жаратушы тәңір» яғни Тенгриді кездестіруге болады. Тэнгри Б.э.д. II ғасырда ғұндарда «Көктегі (Сәмәуи) Ұлы Тәңір» сипатымен танымал және осы сипатпен ұлықталады. Тэнгри немесе Тәңір сөзі Исламды қабыл еткен түркілер арасында Аллаһ сөзімен қатар қолданылып келген. Түркілер, Аллаһ және Тәңір сөзін бірге қатар қолданған. Орны келгенде Тәңір деген (Тәңір қонағы, Тәңір бұйрығы секілді) орны келгенде Аллаһ деген (азанында, дұғасында, кітабында, соғыста Аллаһ деген).

Орхон ескерткіштерінде Тәңірдің барлық ұлы сипаттары жазылған, жазбалардағы түсіндірмелерде түркілердің сенген Тәңірі жалғыз, «аспанда», мәңгілік, ортағы және ұқсасы жоқ, өмір сыйлаушы, жаратушы, жан алушы, қалауына сай әрекет етуші, жәрдем беруші, жазалаушы, құлдың дұғасын қабыл етуші, қамқоршы және кешіруші, әр нәрсені өте жақсы білуші, адамдарға білім беруші және жол көрсетуші. Және осы тарихи мәліметтерде қағандарды таққа шығаратын және егемен мемлекет құруларын қамтамасыз ететін де Тәңір. Түркілерге қағандықты беретін де Сол. Тәңір (Тэнгри) түркі халқының өмірі мен тәуелсіздігімен айналысқан Білге Қаған, Күл Тегін Қағанды таққа отырғызған да, табысқа жеткізген де, Тоныкөкке табыс сыйлаған да Көк Тәңірі. Түркілерді жеңіске жеткізетін де, қалауына мойынсұнбағандарды жазаландыратын да Ол.

Жоғарыда аспанның, төменде жердің, ортада адам баласының жаратылғанына сенілген. Бұл сенім Орхон ескерткіштерінде орын алған. Түркілер ежелден бері көк Тәңірі дініне және Бір Тәңірге сенген. Бұл сенімдер түркі қоғамдарында абыройдың сақталуында және тәртіптің пайда болуында маңызды рөл атқарады. Түркілердің бұл жалғыз Тәңір түсінігі қытайлықтарға да ықпал еткен. Қытайлықтардың жалғыз Тәңірді баяндау үшін қолданып жүрген «Тиен» сөзін түркілерден алғандықтары айтылуда.

Түркі мәдениетінде дін мен шынайы өмір, барлық уақытта бірге. Түркілер барлық ұлы сипаттарды теңеген Тәңірге және Оның қалауларына мойынсұнуда мұқияттылық танытқан. Әлем, аспан және жер сияқты, екі жазықтықтың құрамасы түрінде сипатталады. Аспан мен жер алғаш жаратылған кезде қатарлас болғандығына және аспанның жеті баспалдағы бар екендігіне сеніледі. Жұлдызды бақылау ісі көп тараған. Ай кезеңдерін бақыт әкелетін, бақытсыздық әкелетін деп бағалайтын. Ай толғанда ешқандай іске кіріспеген. Айдың толғаны әскердің әрекетке көшуіне жақсы уақыт болып саналатын. Қамари айдың соңғы күндері, жаназа істері үшін ең қолайлы уақыт. Өйткені бұл күндер ақырзаманның болатындығын білдіріп, қайта тірілуді меңзеп тұрғандай. Түркілерде ақырет сенімі бар. Адамның өлетіндігін, Тәңірдің белгіліген уақыты келгенде өлу үшін туылғандығы және тек оның өлмейтіндігіне сенген. О дүниеде екінші өмірдің бар екендігі, жақсылық пен жамандықтарына байланысты есеп берілетіндігі, «Махшар күні» есеп алынуы үшін сот құрылатындығы және рухтардың бар екендігі қабыл етіледі.

Түркілерде өлім, қатаң және табиғаттан тыс жағдай, орындалуы міндетті құдайлық іс екендігі қабыл етіледі. Өлімді демнің таусылуы, жанның денеден шығып құс секілді ұшып кетуі деп түсінеді. Өлген адамдарды кебіндеп көму әдеті бар. Өмірден өткен аталар үшін ат, сиыр, уақ мал құрбан етіліп «ас» деп қонақтарға арнайы ас беріледі. Өлген адамның жағдайына қарай өлінің ақырет өмірі жайлы пікірлер айтылады. Өлім, ақырет және рәсімдерге қатысты түсінік және дәстүрлер өзгермей болмысын сақтаған. Қазіргі таңда бұл әдеттер мұсылман түркілердің бір бөлімінде сол күйі сақталып, енді біреулерінде кейбір өзгерістерге ұшыраған.

Түркілерде тозақ пен пейіш сенімі бар. Өмірден өткен кісі үшін шалынған құрбандықтар, өлінің пейішке бара жатқанда мінетін малдары ретінде қабыл етіледі. Жақсы рухтардың пейішке, жаман рухтардың тозаққа кіретіндігіне сенеді. Пейіш аспанның жоғары бір қабатында. Жақсы рухтар

пейіште тұрып жатыр, Тәңір мен адам арасында шапағатшы болады. Адамның қасында екі періште бар. Бұл екеуі өмір бойы адамды әрдайым бақылап отырады. Оң жақ иықтағы Яйучи адамның жақсы іс-әрекеттерін, сол жақ иықтағы Көрмөс жаман әрекеттерін жазады. Адамның өлгеннен кейінгі іс-әрекеттеріне Яйучи мен Көрмөс куәгерлік етеді.

Түркілер жақсы мен жаман рухтардың бар екендігіне сенеді және аталарының рухтарына құрмет көрсетеді. Дәстүрлі түркі сенімдерінің арасында аталар культі, өлген аталарына құрмет, тағзым, берілгендік түркілерде маңызды орынға ие. Өлген аталар үшін құрбан шалынады. Бұл жағдайлар патриархаттық жанұяда отағасының сенімдерінің белгісі болып саналады. Аталар өлгеннен кейін де рухтарының көмегімен отбасы мүшелерін қорғайтындығына сенеді.

Түркілер, өмір сүріп отырған орталарының Тәңір тарапынан жаратылғандығына сенеді және қасиетті саналады. Жер-су (Жер-суб) жер бетінде өмір сүріп жатқан жақсы рухтардың жиынтығы, соңы жоқ жаратылыс және әдеміліктің қайнары. Бұлардың Тәңір тарапынан жіберілген қасиетті сыйлықтар екендігіне иланады. Жер-су арқылы баяндалатын қасиеттілік, үлкен императорлықтар кезеңіне көз жүгіртер орынға айналған. Көк Түрік жазбаларында қасиетті Жер-су термині әрі қорғаушы рухтарды, әрі отанды білдіреді. Қасиетті Жер-судың түркілердің тағдырында зор ықпалы бар.

Түркілерде тау, өзен, көл, бұлақ, ағаш, орман және жартас культтері түркі жазбаларында Жер-суб атымен жинақталған. Бұларға сену Жер-су сенімдерінің бір бөлімін құрайды. Жер-су рухтарының ең маңызды өкілі, таулар. Тау культі, Көк Тәңірге құлшылыққа қатысты жағдайға айналған. Түркілер таулардың Тәңірлердің орны екендігіне сенген. Биік таулардың аспанға жақын болуы осы сенімнің қайнары болып саналады. Сондықтан да әр тайпаның бір қасиетті тауы болған. Көк Тәңірге құрбандық осы тауларда шалынады. Өтүкен мен Тәңір тауының таулар арасындағы орны ерекше.

Қасиетті саналатын тауларға жылдың белгілі уақытында зиярат етіліп, құрбандық шалынады (Мысал ретінде Көктүріктер әр жылы, бесінші айдың 10-20 күндерінің ішінде Алтын тауға шығып Тәңірге құлшылық ету арқылы қажылық жасаған).

Түркілердің арасында су мен оттың маңызы ерекше. От отыннан, отын судан пайда болған. Су жетілдіруші, тұнық әрі таза. Судың молдығы ғұламалықтың, ақылдылықтың және күш-қуаттың символы. Суды ластауға тыйым салынған. От үлкен тазалаушы. Тазалығынан күмәнданылған нәрсе екі от арасынан өткізіліп тазаланады. «Ыстау» да тазалаудың бір түрі.

Ошақ, жанұяның тірегі және «табу» түсінігімен қорғалады. Ошақ, ошақты өшіру және күлдерін тарату ұлттың жоқ болуының белгісі. Судың қадірлі, оттың және ошақтың қасиетті саналуы қазіргі таңға дейін жеткен. Қазіргі таңда түркілер арасында жаман қарғыс «Ошағың сөнсін» болып саналады. Бұл қарғыс, әрі ұрпақтың бітуі әрі қасиеттіліктің жоқ болуы дегенді білдіреді. Сол себепті отқа судың құйылуы, жанып жатқан оттың өшірілуі жақсы деп есептелмейді. Қазіргі таңда от пен ошаққа қатысты тіркестер, мақалдар көп.

Түркілер, отқа құрмет көрсеткен және оттың адамды жамандықтардан қорғайтын ерекшелігі бар деп сенген. Оттың алауынан түрлі мағыналар шығарылған. Оттың алауының жасылдау болуы, жаңбырдың жаууының, егіннің жақсы және берекелі болуының, алаудың қызыл түсті болуы соғыстың, сары түсті болуы жұқпалы аурудың, қара түсті болуы қағанның өлімінің немесе ұзақ жол жүрудің белгісі болған.

Исламнан бұрын түркілерде адам дұшпаны және жасырын бір күш бейнеленген «тағдыр» сенімін кездестіреміз. Қорыта айтар болса Исламнан бұрын дәстүрлі түркі діні дәстүрінде жалғыз Тәңір, ақырет, «хашр», пейіш, тозақ, періште, шайтан, рух, рухтың өлмейтіндігі және құрбан секілді сенімдер бар. Көңіл аударсақ бұл сенімдер, Исламның да бұйырғаны және сенілуі тиіс сенімдер. Бұл түркілердің не үшін бірдей және шынайылықпен

мұсылман болғандығының, басқа діндерге көрсетпеген қызығушылығын Исламға көрсетуі, Исламның түркілердің 98 пайызын құрайтын басым көпшілігінің дініне айналғандығын көрсетеді.

1.1. ТҮРКІ ХАЛЫҚТАРЫНА ОРТАҚ СЕНІМДЕР

Халықтың діні, наным-сенімдері мен көзқарастары оның тарихына, рухани-мәдени, саяси өміріне үлкен әсер ететін фактор болып табылады. Дін – руханияттың өзекті саласы. Дін тарихын білмейінше белгілі бір аймақты мекендеген халықтардың тұрмысын, өмірін, мәдени болмысының қыр-сырын терең тану мүмкін емес, яғни кез келген ұлттық мәдениеттің рухани бастауларын, оның менталитеті мен дүниетанымын ұғыну үшін мәдени тұтастықтағы діни жүйелерді терең зерттеп, зерделеудің маңызы ерекше. Ежелгі руханиятта дін оның негізгі құрамдас бөлігі екендігін ескерсек, айтылған тұжырымның маңыздылығы арта түседі. Себебі дін өткен тарихи дәуірлерде мәдениеттің барлық салаларын қамтып жатты. Көптеген мәдениеттанушылар дінді мәдениеттерді бір өркениетке біріктіретін фактор ретінде қарастырады. Н. Данилевскийдің, К. Ясперстің, А. Тойнбидің, О. Шпенглердің, П. Сорокиннің еңбектерінде тарихи-мәдени типтердегі діни ерекшеліктер бітім құрастырушы және мәдени айрықшалықты білдіретін нышан ретінде баяндалады. Үлкен өркениеттердің қалыптасуында ұлттық діндердің тар шеңберден шығып, рухани-мәдени тұтастықты құрауы, дүниетаным мен адами қасиеттердің жаңа мазмұндарын қалыптастыруы ерекше маңызды. Алайда, өркениет ағымына қосылған этностар мен этностық топтар өркениетке ортақ дінді, оның рәсім-рәміздерін қабылдағанмен, олардың наным-сенімдері мүлдем жоғалып кетпейді. Олар халықтың әдет-ғұрпында, дүниетанымдық рәміздерінде, дүниені түйсінуінде, сезінуінде сақталады. Сол себепті қазақтардың діни көзқарасында Алла мен Тәңірі ұғымдары синонимдер ретінде қолданылады. Әрине, қазақ мәдениетінде қалыптасқан архетиптік наным-сенімдерден исламдық діни жүйеге ауысу бірнеше ғасырларға созылды және бұл қарым-қатынас тұтастану бағытында өтті. Ислам діні мен араб мәдениетінің қазақ халқының руханиятына тигізген игі әсерін, тарихтағы үйлестіруші қызметін теріске

шығаруға болмас, алайда қазақтарды өзіндік халық, этнос ретінде қалыптастырған, руханиятының өзегін құрап, тұрақтандырған архетиптік наным-сенімдерін ұмытпаған жөн, оларсыз мәдениетімізді толыққанды түсіну мүмкін емес. Қазақтардың діни жүйелерін қарастырғанда олардың бір-бірімен қатар дамығанын, оларды бөліп қарастыру тек ғылыми абстрактілеу арқылы, қолайлылық мақсатында қолданылғанын естен шығармаған жөн. Нақтылы тарихи даму барысында олар бір-бірімен қабаттасып, тұтасып кеткен. Қазақтардың мифологиялық және архетиптік тарихи даму кезеңдерінде генотиптік діни жүйелер басым болды. Профессор Т.Ғабитов генотиптік діни жүйеге төмендегідей анықтама береді: “Генотиптік діни жүйе деп рулық-тайпалық қауымға тән ілкі ата текті қастерлеп, оларды жаратушы және қоғамдық өмірдің барлық салаларында шешуші күш ретінде қабылдайтын сенімдер мен нанымдардың бірлігін айтады. Генотиптік сенімнің орталық бейнесі –аруақ”. Ата-баба аруағын қастерлеу – сақтар заманынан осы күнге дейін жалғасқан дәстүр. Қазіргі күндері ел мен жерді жаудан жан аямай қорғап, ерлігімен, әділеттілігімен көзге түскен, сол арқылы халық жадында сақталған Қабанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Райымбек сияқты батырларды, Төле, Қазыбек, Әйтекедей билерді қастерлеп, оларға атап ас беру – осы дәстүр көрінісі. Артында қалған ұрпағы о дүниелік болған адамның аруағын риза етуді парыз санаған. “Өлі риза болмай, тірі байымайды” деген халық даналығында аруаққа деген көзқарас айқын көрініс тапқан. Көне түркілердің генеалогиялық мифтері тотемистік нанымдардың да генотиптік сипатта болғандығын айқындайды. Түркілердің ұйытқысы болған ашин тайпасының өкілдері өздерін көк бөрінің ұрпақтарымыз деп санаған. Адам баласы өз табиғатында тек тәндік қана емес, сонымен қатар руханилықтың бар екендігін ерте ұғынса керек және ол осы ұғымын мифологиялық тұрғыда бейнелеген. Мысалы, Өгізхан, Шыңғысхан туралы аңыздарда олар күн сәулесінен жаралған делінеді. Бұл аңыздарда хан қызы күн сәулесі түскеннен кейін жүкті болып, ұл туады. Аталған аңыздарда ел

билеуші хандардың құдайлық табиғатын, яғни билігін заңды деп тану мағынасында қолдану кейінгі кездерде қалыптасқан, ал олардың бастапқы мәні адамның руханилығын, трансценденттігін негіздеу болып табылады. Көк аспанды, жұлдыздарды, күн нұрын — жан тұрағы деп қарастыру оларды күдіреттендіруге жол ашады. Дамудың белгілі бір сатысында адам болмыс пен сананың, тән мен рухтың аражігін ажыратады және соңғысын жоғарғы әлеммен байланыстырады. Исламға дейінгі қазақ халқының рухани мәдениетінде тәңірлік сенім мен шаманизм айрықша орын алады. Тәңірді зерттеушілердің тұжырымында еуроазиялық көшпелі шаруашылық – мәдени типтің қажеттіліктеріне икемді сенім жүйесі ретінде бейнеленеді, яғни ол көшпелілердің шындықтағы болмыс тәсілінен, дүние түйсінуінен туындаған. Академик Ғарифолла Есім “Хакім Абай” кітабында: тәңірге сыйыну – сенім емес, дін емес, ол Адам мен табиғаттың арасындағы үйлесімділікті мойындағандық деп тұжырымдаған. “Тәңірді мойындау адам еркін шектемейді. Тәңірге көзқарас өзіне қарама-қарсы түсінікті қажет етпеген. Себебі, тәңір – деген табиғат, ол өмір сүру үшін қажетті жағдай. Тәңір табиғаттың өзінен туған түсінік. Оны табиғаттың синонимі деп те қарауға болады. Адамның табиғатқа табынуы, бір жағынан, натуралистік түсінік болса, екіншіден, өзінен тыс рухты іздеу, оны субъект ретінде қабылдау, дерексіз ойлаудың жемісі”, –дейді. Яғни, біздің арғы ата-бабаларымызға догматталған діни жүйелерге қарағанда, ашық дүниетаным тұрпатындағы сенім көбірек тән, жан дүниесі мен рухани ізденістеріне әлдеқайда жақын. Барлық діни жүйелердегі тәрізді тәңірлік сенім де табиғат күштерін күдіреттендіруден, құпия тылсым тіршіліктің терең қатпарларынан тамыр алады. Алайда, Тәңірге табыну діни түсінік эволюциясындағы табиғат діндерінен кейінгі жоғары саты болды. Барлық халықтар рухани дамуында діни көзқарастар эволюциясын бастан өткізді. Әрине, оны бірінен соң бірі келетін діни жүйелер хронологиясы деп қарастыруға болмайды, шындық әрқашан теорияға қарағанда әлдеқайда күрделі, көпжақты болып келеді. “Ол

(тәңір – авт.) – әр түрлі наным-сенімдердің, көбіне табиғатқа, оның стихиялық күштеріне табынудың және оларды бұрмалап бейнелеудің біртіндеп дамуынан туған құбылыс. Тәңірліктің дүниетанымдық негізі дүниедегі заттар мен құбылыстар жанданған деп қарастыратын натурфилософиялық гилозоизм болып табылады, ол түптеп келгенде табиғатты құдай деп қарастыратын пантеизмнің негізін құрайды”, –деп жазады С.Н. Ақатаев. Қалыптасуының бастапқы сатысында Тәңір прото-қазақтардың құдайлар пантеонындағы жоғарғысы деп танылады. Ежелгі қазақтар тәрізді қазақтардың ілкі тектері де табиғат объектілері мен құбылыстарын құдайландырып, оларға табынған. Тәңірлік діннің өзіне тән ерекшелігі – ол өзіне дейінгі діни наным-сенімдерді теріске шығармайды, қайта оларды бір жүйеге келтіріп синтездеуші рөл атқарады. **Плано Карпини түркілердің бір құдайға иланатындығын айта келіп, “... оның үстіне олар күнге, айға және отқа, сонымен бірге таңертеңгілік тамақ жеудің немесе су ішердің алдында сол ас-дәмдерінен ауыз тидіретін сыбаға арнап, су мен жерге де құдай деп табынады”, – дейді. В.В. Бартольд: “Ежелгі түркілер дінінің негізі Көкке (Тәңір) және Жерге (жер-суға) сыйыну болды”, – деп жазады. Тәңірді түркілер барлықты жаратушы “объективті идея” ретінде қарастырса, жер-су – тіршіліктің тірегі. Бұлардан басқа көне түркілердің наным-сенімдерінде әйел-құдай – Ұмай ерекше құрметтелген. Әйел тәңірі Ұмай – отбасы мен бала-шағаның жебеушісі болған. Аталған үш құдай түркілердің пантеонында маңызды болып саналады. Тоныкөк құрметіне орнатылған ескерткіште: “Көк, Ұмай құдай, қасиетті жер-су, міне, бізге жеңіс сыйлаған осылар деп ойлау керек!”, – делінеді. Жер-су құдайына келетін болсақ, ол да табиғатты пір тұтудан туындайды. Алтайлық аңызда: “Үлген жаратылысқа дейін шексіз-шетсіз, түпсіз-тұңғыық теңіз үстіндегі кеңістікте тіршілік етеді. Сонда Үлгенге судан Ақ ана шығып, оған жер мен аспанды жаратуды үйретеді” делінген. Бұл аңызда да матриархаттық, рулық, қауымдық қатынастар ықпалы байқалады. Матриархаттық-рулық қауымнан**

патриархалды қауымға біртіндеп өту барысында жер-су соңғы орынға ығыстырылады. Көк аспан ретіндегі Тәңір өзінің жоғарғы құдай ретіндегі маңызын жоғалтпайды, патриархалдық-қауымдық қатынастардың күшейіп, нығаюына байланысты ол зор, қаһарлы тұлға сипатына ие болады. Тәңір сөзінің этимологиясын С.Ақатаев “таң” және “ер” сөздерінің бірігуінен шығуы мүмкін деп қарастырады. Бірінші буын “таң”, автордың пікірінше, күннің шығуымен байланысты болса, “ер” – түрік тілдерінде ер адамды білдіреді. Осы тұрғыда Тәңір “Күн адам”, “Аспан адам”, яғни құдай дегенді білдіреді. Тәңірлік дін адамды өз іс-қимылына, әрекетіне, пиғыл-ниетіне есеп беріп отыруға үйретеді, ісі түсіп, жолы болса түркілер тәңір қолдады, дейді, кателік жасап, адасса, “Тәңірім, кешіре гөр”, –дейді. Қазақ мәдениетіне үлкен ықпал тигізген келесі діни наным-тип – шаманизм болды. Шаманизм ұғымы ғылыми әдебиетке XVIII ғасырда енгенмен, ол туралы айқын түсінік әлі қалыптасқан жоқ. “Шаманизм” термині әр түрлі мағынада қолданылады. Кейбір зерттеушілер шаманизм дін емес, себебі онда құдай туралы түсінік жоқ десе, басқалары оны діннің әмбебап формасы деп санайды. Бұл құбылысты ғылыми бағалауда да қарама-қарсы көзқарас бар. Шамандық қасиеттің психикалық науқаспен байланысына басты назар аударған зерттеушілер, оны ессіздікке табыну (культ безумия) деп қарастырса, ғалымдардың басқа бір тобы қазіргі психоанализдің түп бастауы деп бағалайды. Шаманизмді зерттеген еуропалық ғалымдар көп құнды пікірлер айтқанмен, ғылымдағы еуроцентристік көзқарас шеңберінде қалып қойды. Шаманизм олар үшін бөтен мәдениет туындысы болғандықтан, еуропалықтар оған экзотикалық құбылыс, архаикалық дүниетаным рудименті ретінде қарады, ал бұл шаманизмге әділ ғылыми баға беруді қиындатты. Шамандық дінді жүйелі түрде, оны қалыптастырған мәдени жүйемен бірлікте, тұтастықта зерттеген ғалымдар Д. Банзаров пен Ш. Уәлиханов болды. “Шамандық дегеніміз, – дейді Шоқан, – әлемді, дүниені сүю, табиғатқа деген шексіз махаббат және өлеңдердің рухын қастерлеу, аруағын

ардақтау. ...Шамандық сенім табиғатқа бас иеді”. Қоғамдағы шаман рөлін де қазақ ғалымы басқа тұрғыдан бағалайды: “Шамандар аспан Тәңірі мен рухтың жердегі қолдаушы адамдары ретінде саналған. Шаман сиқырлық қасиеттермен қоса білікті, талантты, басқалардан мәртебесі жоғары: ол ақында, сәуегей және емші, сегіз қырлы, бір сырлы адам болған”. Ғалым Қ.Ш.Шүлембаев шаманизмді төңкеріске дейінгі Қазақстанда кең тараған діни наным-сенімдердің айрықша формасы деп санайды. “Шаманизм анимизм мен магия элементтері басым “пұттық” діндердің күрделі қоспасы”. Бұған карама-қарсы көзқарасты Ғ.Есімнің “Шамандық деген не?” атты мақаласынан кездестіреміз. Автор шамандық пен бақсылықты әр түрлі, үш қайнаса сорпасы қосылмайтын құбылыс деп қарастырып, шамандық туралы былай дейді: “...шамандық деген дін жоқ... шаманизм діндердің синкретизмінен туған, қолдан жасалған түсінік”. Шамандықты зерттеген қазақ ғалымдарының бір тобы оны адамның виртуалдық, тылсымдық дүниесіне әсер етудің ерекше дәстүрі деп санайды. М.С. Орынбековтің пікірінше, бақсы адам мен әлем арасындағы ажыраған байланысты қалпына келтіреді. Мистикалық желігу, зікір салу практикасы арқылы адам мен әлемді біріктіріп, сананың тұтасуына ықпал етеді. “Шаман дүние түйсінуінің негізі бұл дүниедегі сананың толымдылығы, үйлесімділігі, кең ауқымдылығы болып табылады. Ол сырқат адам мен дүние арасындағы үйлесімділіктің бұзылуының салдары”. Шамандық қасиет адамға рухтың қалауымен қонады, бақсы зікір салардың алдында рухтарын көмекке шақырады. Көңіл аударатын тағы бір нәрсе шамандық тұқым қуалаушылық, тегіне тартушылық арқылы мұраланады. Барлық шамандар өз әулетінде, ата-бабаларының бірінде осындай қасиет болғандығын айтады. Осыны ескере отырып, біз шамандықты генотиптік сипаттағы діни жүйе деп санаймыз және оның төмендегідей ерекшелігін атап өтейік: шаманизмде өлі табиғат ұғымы жоқ, табиғат жанданған, барлық құбылыстың, жер мен судың киелі иесі бар. Адам мен әлем тұтас. Оларды бөліп тұрған күз-жартас жоқ. “Адам – табиғат

патшасы”, –дейтін еуропалық ұран шамандыққа жат. Адам қанша құдіретті болса да табиғаттан жоғары емес, ол тіршіліктің ерекше бітімі. Дүниедегінің барлығы бір-бірімен тығыз байланыста. Бұл байланыс шаман-медиум арқылы іске асады. Ғарышты мекендейтін рухтар адамның күнделікті тұрмысына жақын араласып отырады, қолдайды немесе жазалайды. Рух ниетін, әмірін адамдарға жеткізуші тұлға – шаман, бақсы. Шамандық қасиет тұқым қуалау, тегіне тарту, рухтың қонуы арқылы дариды. Шаманизм рулық қоғамның діни идеологиясы ретінде қалыптасады, шаман бір әулеттің немесе рудың абызы қызметін атқарады. Ол діни әдет-ғұрыптарды өткізеді, әулеттің немесе рудың болашағын болжайды, сол арқылы шаруашылық әрекетін, тұрмыс-тіршілігін айқындайды. Шаманның рухтар тандаулысы болуы және сәуегейлік, яғни болашақты болжау қасиеті әлемдік діндердегі пайғамбар идеясының қалыптасуында маңызды рөл атқарған деп топшылауға болады, сол сияқты жаратушыны таза рух ретінде түсінуде де шамандық әсерін жоққа шығаруға болмайды. Жалпы жаратушы-құдай идеясының түп-тамыры табиғатқа табыну, оны құдіреттендіру мен аруаққа, рухқа табыну десек, артық айтпаған болар едік. Қазақ халқының арасында шаман атауына қарағанда бақсы атауы кең таралды. Біздің пайымдауымызша, бақсылық шамандықтың инварианттылығы, яғни халық тұрмысына икемделген нұсқасы болып табылады. Бақсылар ислам діні таралғанға дейін ру-тайпалардың саяси-әлеуметтік өмірінде өте маңызды рөл атқарған. Олардың негізгі қызметі адам мен әлеумет өміріне қауіпті құбылыстарды залалсыздандыру, алдын алу болса керек. Бақсылар өз ойыны арқылы ұжымда қордаланып қалған жағымсыз психикалық қуатты бейтараптандырып, әлеумет өмірін үйлестіріп отырған. Орталық Азия мен Қазақстанда ислам діні таралу барысында шамандық көне наным- сенім ретінде шеттетіле бастайды. Енді олар жын-шайтандармен байланысқа түсе алатын адамдар ретінде қабылданады. Қоғамда шамандарға қатысты екі ұшты ұстаным қалыптасады. Бір жағынан, олардан қорқады, өйткені олар адамға кесір келтіруі мүмкін. Сондықтан

бақсылар ауылдың шетіне оңаша қоныстанады. Күнделікті тұрмыста мұқтаждықсыз оларға бара бермейді. Екінші жағынан, сыры беймәлім сырқатты тек бақсы ғана емдей алады деп саналады. Сондықтан бақсысыз аурудың алдын алу мүмкін емес. Ислам үстемдік еткен дәуірде шамандар қоғам өмірін үйлестіруші, реттеуші қызметінен айырылып, тек бақсы-балгерлік қызметін ғана сақтап қалады. Ежелгі түркі жерінде көне түркілердің дәстүрлі наным-сенімдерімен қатар басқа да діндер таралды. Солардың ішінде ең байырғысы зороастризм діні болды. Кеңес дәуірінің шығыстанушы ғалымдары В.Струве, В.Абаев және т.б. бұл діннің Орталық Азия мен Қазақстан жерінде б.з.д. VII ғасырда таралғандығын атап көрсетеді. “Қазақстан жеріне әлемдік діндердің ішінде алғашқысы болып буддизм келді. Бумынның ұлы Мұхан қаған осы дінді қабылдады, ал оның мұрагері Тобо қаған “Нирвана-сутрадан” бастап будда әдебиетін түркі тіліне аударуға жарлық берді. Буддизм Шығыс Түркістандағы соңғы ғұн мемлекеттеріндегі түркілер арасында тарала бастады, ал ашин тайпасы олармен тектік тарихи байланыста болған еді”. Бұл деректер М.С.Орынбековтің “Қазақ сенімдерінің бастаулары” кітабынан алынды.

Орталық Азиядан шыққан көшпенділер Үндістанға дейін барып, осы жерлерде Құшан, Ұлы Моғолдар мемлекетін құрғаны тарихтан белгілі. Буддизмнің бұл жерлерде таралуы империяны бір дін аясында біріктіру мүддесіне байланысты болса керек. Алайда түркілер бұл дінді жаппай қабылдады десек, тарихқа қайшы келер едік. Әрине, будда дінінің моральдық қағидалары олардың руханилығына жақын болғанмен, оның жарық дүниені тәркілеу, “әрекет етпеу” қағидаты көне түркілердің дүниетанымы мен өмірлік ұстанымдарына үйлесе бермеді. Түркілерге таныс болған мани дінінің де тағдыры буддизмге ұқсас болды. Мани ілімі баяндалған “Болжаулар кітабы” түркі тіліне аударылғанымен, бұл дін де түркілер арасында терең тамыр жаймады. Буддизммен қатар Ұлы Жібек жолы арқылы христиандық та таралды. Ол басында несториандық, кейіннен яковиттік түрінде V ғасырдан

бастап қазіргі Қазақстан жеріне ене бастады және Шығыс Рим империясынан шыққан әулие Несторий сектасының өкілдерімен байланысты болды. Византиядағы діни алауыздық пен қақтығыстар христиан дінінің әр түрлі бағыттағы өкілдерінің Шығысқа қарай ойысуына ықпал етті. Орталық Азия мен Қазақстан жерін паналаған христиандар бұл жерлерде өздерінің ғибадат ететін орындарын салды. Олардың басым көпшілігі саудагерлер болатын және қағанат қазынасына алым-салықтар төлеп тұратын. Бұл жағдайда басқа дін өкілдеріне төзімділік танытып, олардың жат жерде өз діндерін ұстап, әдет-ғұрыптарына сай құдайларына табынуына мүмкіндік берілді. Сөз соңында айтайық дегеніміз, қадым замандарда көне түркілер жері, Ұлы Жібек жолы арқылы қаншама діндер өтсе де, түркілердің негізгі сенімі Тәңірлік дін, аруаққа табыну болды. Жоғарыда аталған діндердің ешқайсысы түркілердің руханилығында олардың көне сенімдерін ығыстырып шығара алмады. Вильгельм Рубрук түркі жұртын аралаған кезінде олар өздерінің Тәңірге табынатынын және оны таза рухани мән ретінде түсінетінін атап көрсеткен. Тек ислам діні ғана көне түркі сенімдерімен іштей синтезделіп, түркі жұртының рухани-мәдени ұстанымына айналды.

1.2. АҢШЫЛЫҚҚА БАЙЛАНЫСТЫ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН НАНЫМ-СЕНІМДЕР

Этнографиялық әдебиеттерде көшпенділердің ежелден аң аулаумен айналысқаны туралы айтылады. Марко Поло он үшінші ғасырдағы Қытайға барған саяхатын баяндағанда, Қазақстан жерінде тұратын халықтар туралы: “Мұнда тұратындар – көбінесе аңшылар, олар өздеріне көп пайда беретін терісі аса бағалы хайуанаттар – ақкіс, бұлғын, ақ тиін, қара түлкілерді ұстайды екен...” деп көрсеткен.

Түркі халықтары, оның ішінде қазақтар да, бүркіт салып, түлкі, қарсақ, қоян және қырғауыл сияқты аң-құстарды ұстауды өте ұнатқан. Бұл жөнінде “... киргиз хороший стрелок, и на крупную птицу он охотится с ружьем, мелкой птицы он не берет, а стреляет гусей, лебедей, уток, чаек и прочее. Но больше всего любит киргиз охотиться не с ружьем, а с птицей и борзой собакой” деп жазады Э.С.Вульфсон.

Бұған дәлел ретінде көркем шығармалардан бірнеше мысал келтірейік “Бұзбай пісірген құланның шылқыған семіз етіне кеңірдектей тойған аңшылар аран жайын мұрттарынан май сорғалап отырып әңгімелейді” “Өз буына өзі піскен семіз аңның жас еті таңдайды жұлады. Құныға түсесің. Сұғынған жұртпен бірге сен де өңмендеп бағасың. Қашан ішіңе ел қонғанда барып кейін шегінесің. Қай-қайдағы қысыр әңгіме сосын барып өрбиді”. “Жаз бойы құсбектері той-думанда жүріп, тұғырларында ұзақ отырып қалған қанды балақ, қызыл көз қаршығалар аңшылардың әбден айызын қандырған. Қырдың шоқтай қызыл түлкілері мен қара қылшықты қарсақтарын қиядан іліп, Ақжол би мен серіктерінің көңілін көл-көсір ашқан”².

Жабайы аңдардың етін тағамға қолданғанда діни наным-сенімдер қатаң ұсталған. Ең дәмді, қажетті деп құлан етін жеген. Мұндай етті жеген адам қайсар, күшті жауынгер болады деген сенім болған. Көз ауыруынан да

құланның бауырын, ревматизмге қарсы іш майын пайдаланған. Аю етін жемеген, тек іш майы мен терісін пайдаланған. Әсіресе аюдың көк бауырында емдік қасиет бар деп саналған. Мысалы, Қытай, Индияда оны сары ауру, іш ауру, тері ауруына қарсы қолданған, ал қазақтар оны құрт ауру мен іш сүзекке қарсы қолданған. Сондықтан халықаралық рынокта 1 кг аюдың көк бауыры 3-4 құндыздың не 10 қаратүлкінің терісімен пара-пар болған. Құс етін де көшпенділер талғап жеген. Мысалы, қара қарғаның етін жемеген, қанатын пайдаланған. Үкіні қасиетті құс деп санап, тек “тұмар” ретінде пайдаланған. Әсіресе, құстардың жемсауындағы өсімдіктердің жапырақтары пайдалы деп санаған. Оларды асқазан ауруларына қарсы қолданған. Құстар мен аңдарды пір тұту басқа халықтарда да бар. Мысалы, якуттерде аққу, қаз, бүркіт сияқты құстарды киелі санап, тағамға пайдаланбаған. Олар өздерінің руларын осы құстардың атымен атаған.

Бүркіт ең жоғарғы тотем, киелі белгі боп саналған. Өліп жатқан бүркітті көрсе, құран оқып, жерлеген. Алтайлықтар мен қазақтарда аққуды атуға болмайды.

Киелі деп, әсіресе бүркіт, тырна, үкі, ителгі (сұңқар) саналған. Олардың сүйектері, тырнақтары, тұмсықтары, қанаттары адамды ауру-сырқаттан, тіл-көзден, жын-шайтаннан сақтайды деген ұғым болған. Аңшылыққа байланысты тілімізде сөздер мен сөз тіркестері де қалыптасқан. Солардың кейбіреуіне тоқталайық:

Ерден сауға, мергеннен сыралқы. Мұнда сыралқы (көне) – аңшыдан, егіншіден т.б кәсіпшілерден алынатын олжа, сый, үлес. “... Бейтаныс жігіт бұның таңғалғанын аңғарып қойды ма, атына қарғып мінді.

Ау, олжаңды алмайсың ба? – деді Әбілқайыр. - Саған сыралғым болсын!”. Ал сауға – соғыстан түскен олжадан не аулаған аңнан берілетін сый. Ұлытауға бардың ба? Ұлардың етін жедің бе? Ұлар – тауда мекендейтін, сұрғылт түсті

еті дәмді ірі құс. Қырғыздардың ұғымында ұлардың етін жеген адам шешекпен мүлдем ауырмайды. Бұл жөнінде Ш.Уәлиханов “... нам случалось видеть в юртах дикокаменных киргиз голову улара” деп жазған.

Салбұрынға шығу. Салбұрын – көп адамның қос тігіп, бүркітпен апталап аңға шығуы. Салбұрынға қатысқандар бүркіт иесі құсбегіне бағынады. “Сыздық өз ағайындарының ішінде аңшылыққа салынған екі-үш жігітке қосылып, қастарына ел ішінде қызық қуған қолы бос бозбалалардан төрт-бес жігіт ертіп алып, салбұрынға қостап шығып, көп таудың қия жартастары, терең құздары үскіріп соққан қатты желі, алай-түлей болған ақ-түтек борандары, жер-көкті қаптаған ызғарлы қары және соның бәрінің ортасында жүрген аңшылықтың бейнетті жүрісі аз күннен соң Сыздыққа ауыр тиіп жалықтырғандай болды” (М.Ә) немесе “Жасынан Тұрғамбай құсбегі, Бәшей мерген, өз інісі Шіке сияқты кісілерді ертіп “Салбұрынға” бүркітпен түлкі аулауға көп шығып жүрген” (М.Ә). Салбұрын сөзі қырғыз тілінде де осы мағынада қолданылады. Бұл жөнінде С.М.Абрамзон былай деп жазады: “Во-первых, салбурын, очевидно означало не просто дальнюю, но и весьма продолжительную охоту. Если это так, то такая охота непременно должна бы иметь коллективный, групповой характер. Во-вторых, эта охота могла быть не только ружейной, но и охотой с ловчими птицами. В-третьих, весьма вероятно, что целью такой дальней охоты могла быть и охота на пушного зверя, а не только заготовка мяса”. Қансоқта – (этно.). Қыран құсты дәнiктiру үшiн өлi алған аңның етiмен жылыдай жегiзген жем. “Ақжем” мен “бозөкпенi” құсты жүдету үшiн берсе, “қансоқта” мен “қызылды” семiрту үшiн бередi. “Жәнiбек бұл кезде, өлi түлкiнiң тiлiн суырып ап, Кәрiнiң алғыр қыранын қызылдап отыр екен” (М.Ә). Қанжығаң майлансын (қандалсын) – аң көп iлiнсiн, олжалы бол деген мағынада қолданылады.

2.1.ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ЖАНУАРЛАРҒА БАЙЛАНЫСТЫ НАНЫМ- СЕНІМДЕРІ

Халқымыздың тарихи-мәдени мұрасын түгендеу және толықтыру мақсатында ел ішіндегі көнеден келе жатқан мұрамызды жинап, халқымыздың тарихы үшін маңызды материалдарды жоғалып кетуден сақтап қалу өте келелі мәселе.

Осы міндет үдесінен шығу мақсатында соңғы жылдары көптеген игі істер атқарылуда, қаншама жаңа ғылыми жобалар бекітіліп олардың негізінде жаңа көзқарастағы, тәуелсіз ой пікірді қамтыған ғылыми еңбектер жарияланды.

Адамзат тарихындағы көшпелілік өмір салтының ең ұзаққа созылған, әрі ұзақ уақыт сақталған жері - Еуразияның ұшы-қиырсыз көлбей созылған ұлаңғайыр даласы болды. Бұл далада қазіргі түркі халықтарының ата-тектері ғұмыр кешіп, ешкімге ұқсамайтын өзгеше төл мәдениетін қалыптастырып, кейінгі ұрпақтарына мұра етіп қалдырды. Көшпелілік өмір салттың ең соңғы мұрагері – Қазақ халқы болды. Сондықтан да болар, есте жоқ ескі замандардағы көне әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер, ырым, жосын-жоралар қазақтардың дүниетанымында терең сақталып, осы күні де күнделікті тіршілік салттарында көрініс беріп жатады.

Ежелгі қазақ жерін қоныс еткен түркі тілдес тайпалардан сақталған, өзгеріп жаңа мән-мағынаға ие болған, сөйтіп осы тайпалардан сұрыпталып шыққан қазақ халқының бүгінгі рухани болмысының сол бір алыста, артта қалған замандармен сабақтастығын дәлелдейтін – салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар және наным-сенімдер аз емес.

Ежелгі қазақ даласын мекендеген түркі тілдес тайпалардың адамдарына тән салт-сана, ырым, жол-жоралғы, дәстүрлердің арасында адамдардың малға, үй хайуанаттарына көзқарасы негізінде туғандарыда бар. Қазақстан ғалымдары бірлесіп шығарған - «Хозяйство казахов на рубеже XIX – XX веков» атты ғылыми зерттеуінде: «Басқа халықтардағы сияқты, қазақтарда да нақты еңбек қызметі ежелгі заманнан бастап әр түрлі нанымдар мен әдет-ғұрыптарға тығыз байланысты болған. Жылқыға – Қамбар ата немесе

Жылқышы ата, қойға – Шопан ата, түйеге – Ойсылқара, сиырға – Зеңгі баба, ешкіге – Сексек ата қамқоршы деп саналған» - деп атап өтеді. Мал пірлеріне байланысты: «...Бәрі де бір кезде болған атақты бақташылар, олардың кейбіреулерінің қабірі Сырдария мен Жетісу өлкесінде осы күнге дейін сақталған» - деп алғашқы қазақ этнографиясына қатысты зерттеулердің авторы Х.Арғынбаев ағамыз сонау 1956 жылы өз еңбегінде атап өткен болатын. Ерте заманда қарапайым халық адамға малдың аз, көп бітуін мал иелеріне Шопан ата, Зеңгі баба, Қамбар ата, Сексек ата, Ойсылқара сияқты мал пірлерінің ықылас-пейілінің түсуіне байланысты деп есептеген. Малдың пірлері былайша айтқанда, мал өсірушілер мен оны күтушілер қысылғанда табыну дәстүрге айналған. Көшпелі халық қысылған кезде болсын, мейлі ауыр мезеттерде мал пірлеріне жалынып, жақсылық сұраған. Сондықтан мал қадірін біліп өскен халық малдың басынан ұруды, малды аяқпен тебуді, құт қашыратын, мал басын өсірмейтін өрескелдік санаған. «Обал болады, ырыстан айырыласын» деп ондай істерге тыйым салып отырған. Береке, байлықтың көзі малды өсіргенде, оны орынды жарата білу керектігіне де халық қатты көңіл аударған. Шық бермес шіріген байдың суырға айналғаны, азған адамның маймыл болып кеткені туралы аңыздар ежелгі қазақ жерінде дүниеге келген. Осы жерді жайлаған түркі тілдес халықтардың наным-сенімдері жөнінде бұдан басқа да шындыққа негізделген аңыз әңгіме ретінде кездесетін мағлұматтар өте көп.

Малды қадірлейтін халық малды құрбандыққа шалу, әртүрлі аурудан емдеу үшін малдың терісін, өкпесін, етін, майын қолдану жұрт арасына кең тараған. Шоқан еңбектерінде малға байланысты ырым-жоралғылар туралы ондаған түрін келтіреді.

Солардың ішінде қазақтар мал сүйектерінің кейбіреулерін де киелі санап оларды бал ашу үшін қолданған. Мәселен жауырын сүйекке қарап болжау жасайды. Асықтыда ойын үшін емес болжам жасау үшін пайдаланған.

Отпен тазарту «аластау» түріндегі ертедегі отқа табыну қазақтар өмірінің әртүрлі қырларынан байқалды. Малға байланысты қырынан карастырсақ көктем кезінде қыстаудан көшкенде және күзде оған қайтып оралғанда қыстау мен малды от арқылы «тазару» салты міндетті түрде сақталды. Қысқы қыстаудан көшкен кезде барлық мал екі оттың арасынан айдап өтілетін.

Жазғы көші-қон кезінде әрбір ауыл көш керуенді салтанатты түрде ресімдеуге ерекше көңіл бөлді. Бұл үшін көш басындағы түйеге қырғауылдың ұзын қанаттарынан төрт айыр қарқара орнатты. Халықтың түсінігі бойынша, қырғауылдың әдемі қауырсындары бөгде адамдардың назарын аударып, көш керуенді көз тиюден және жол бойындағы әртүрлі қолайсыз жағдайлардан сақтайтын болған.

Жазғы жайлауға жеткеннен кейін қазақтар бие сауып, қымыз ашыту үшін бие байлайтын. Бұл жағынан алғанда ауыл шеңберінде «қазық майлау» немесе «қымыз мұрындық» дейтін шағын той өткізілетін. Бұл салттың мағынасы құлындар мен олардың енелері аман, қымыз мол болсын деген тілекке саятын еді.

Қазақтар тіл тию мен көз тиюге, яғни адамдардың мақтаған сөздері мен сүйсіне қараған көзқарасы «қорғансыз құрбандарға» теріс әсер етіп, олардың өлуіне әкеп соғуы мүмкін деген жорамалға да ежелден сеніп келген. Сондықтан халық жаман сөзден (сұқ) және көз тиюден қорғану құралдарын қолданды. Мәселен, бас киімнің төбесіне бөгде адамдардың «көзінен» қағатын үкі қадап қойды. Сал-серілер мен асқан арулардың бас киіміндегі үкі де соның ишарасы болуы ықтимал. Жаңа туған бота да сырт көзден мұқият жасырылған. Жас ботаға да үкі таққан. Үкінің қауырсыны, тұяғы жын-періден сақтайды деген де сенім бар. Қазақтар кірпі тікенектерін бесікке байлап сәбиді жын-періден сақтайды. Қабанның осы аймақтағы ертедегі нанымдардың жұрнақтарымен байланысты екені анық.³

Қазақтардың түсінігі бойынша, көшпелі мал шаруашылығына байланысты кейбір заттардың бұрынғы қожайынының «құтын» (бақытын, байлығын, игілігін) алып кететін ерекше күші болған. Сондықтан ат сатқанда – жүгенін, түйе сатқанда – мұрындығын, сиыр сатқанда бас жібін бермеген. Сондай-ақ құлын байлайтын ноқта, қозы байлайтын көген және т. б. басқа біреуге берілмеуге тиіс болған.

Жақсы айғырды немесе «мал басы» деп саналатын биені үйірінен айыру кезінде жасалатын салт та «құтты» сақтауға байланысты, олардың жалынан бір уыс қыл кесіп алынып, оған сол аттың сілекейін жаққан, сөйтіп оны байлық белгісі – «құт» ретінде сақтаған.

Исламға дейінгі сенімге сәйкес, көшпелі тұрмыстың кейбір еңбек құралдары мен заттары қасиетті деп саналған. Мысалы, жылқы ұстайтын құрық, құлын байлайтын желі, қозы байлайтын көген, жүген, ноқта және т. б. сондай болған, оларды басуға немесе олардан аттап өтуге болмайтын еді.

Қазақтар арасында діни сипаттағы «құрбандық шалу» рәсімі кең қолданылды. Құрбандық шалу соғыстың аяқталуы, ұлының шайқас алаңынан аман оралуы, шаңыраққа ұл перзенттің келуі, өлімнен аман қалу, тасаттық беру, сүйек жаңғырту т. б. салт-жоралғыларға байланысты жүзеге асырылды. Құрбандыққа мүмкіндігінше «боз қасқа» (қой), «ақбоз ат» (жылқы) шалу кең қолданылды.

Мәдениеттің тотемдік баспалдағынан дүние жүзінде белгілі мәдениеттердің барлығы бірдей өткен. Қазақ мәдениетінің архетипі – көне түркі мәдениетінде де тотемдік көзқарастар молынан кезігіп отырады. Көне түркілердің өздерінің шығу тегін көк бөрімен байланыстыруы қазақ ақын-жырауларының аузына «бөрілі менің байрағым...» деген жолдар салса, қарапайым халық арасында сол Көкбөрі рухына арналып жасалатын бәйге түрі – көкпар тарту жүргізілген. Тотемнің сарқыншақтары дамыған діндерде де (адал және арам жануарлар туралы түсініктер) сақталған. Қазақтар арасында қасқыр мен жылқы культі болғаны туралы көптеген еңбектерде

жазылып жүр. Сырдария аймағында ертедегі уақыттан бері қойға табыну белгілері аңғарылатыны туралы біршама жазылған. Түрлі халықтарда фарн таяу уақытқа дейін асқан береке-байлық, бақыт, денсаулық, қаскөй күштерден қорғанысы және үй ішінің гүлденуі рөлін атқарып келгені мәлім. Қойға табыну Оғыздар мен түрікмендерде кең тараған. Оғыз тайпаларының шығу тегін «қоймен» байланыстығын зерттеушілер рудың немесе тайпаның қамқоршысы ретінде қойды құрметтеуімен түсіндіреді. Қой шамаңғұрыптарында құрбандыққа шалынатын жануар ретінде пайдаланылған. Бауыздалған қойдың қанымен шамандар науқасты емдеген. Қой қазақтардың діни көзқарастарында маңызды рөл атқарды, оларда қой құрбандыққа шалынатын жануар әрі киелі ырыс ретінде бағаланған.

Ислам дініне кіргізу барысында исламға дейінгі жергілікті қамқоршы құдайлардың жаңа атпен аталуы сирек кездеспейді, олардың құрметтелу себептерін түсіндіретін аңыздар сол аттармен байланыстырылған. Суфизмді осылайша тарату қой малының пірі Шопан-ата Қ.А.Йассауи шәкірттерінің бірі болуына әкеп соққан. Ол кереметтің күшімен Маңғыстауға келген атақты әулиенің таяғын тауып алыпты мыс. Сол жерге Шопан-ата есімін сақтап қалған зират тұрғызылған. Сиыр малының пірі Зеңгі баба Қ.А.Йассауидің ізбасарларының бірі – Хакім атаның шәкірті, әйгілі түрік шейхының есіміне, дәлірек айтқанда, лақап атына ие болған. Түйе малының пірінің аты Ойсылқара – өте әйгілі тұлға, ертедегі ислам қайраткері Уайс әл-Каранидің бұрмаланған есімі, бұл тұлғаның тарихи анықтығына күмән келтіргенімен, ол туралы аңыздар барлық мұсылман елдеріне мәлім ⁴.

Қазақтарда тұрмыстық және ғұрыптық мәдениет дәстүрлері күнделікті өмірде көрініп отырды. Жоғарыдағы айтылғандардан қазақтарда ғұрыптық мәдениет халық өмірінің барлық дерлік жақтарын қамтығаны, онда зор маңыз атқарғаны көрінеді.

Белгілі жазушы, ғалым А. С. Сейдімбек ағамыздың «Сөз жоқ, Қазақ халқының ғасырлар қойнауынан бастау алатын тек-тамыры, мәдени-рухани

болмысы жалпы адамзаттық мәдениеттің құрамдас бөлігі болып табылады»- деп орынды атап көрсеткендей, осы бір әлемдік мәдениеттің ұлы көшінің қатарынан қазақ өркениеті де өзіне лайықты орнын таба білуі керек. Сол үшін рухани мәдениетіміздің жоғалып бара жатқан жұрнақтарының бірі жануарлар культіне қатысты наным-сенімдерді, әдет-ғұрыптарды жүйелеп зерттеу кезек күттірмес мәселе.

2.2. АС БЕРУ ЖӘНЕ ОҒАН БАЙЛАНЫСТЫ ХАЛЫҚ СЕНІМДЕРІ

Қазақ қоғамының әлемдік тарих үрдісінің бір саласы ретінде өзінің өткенінде жүйелі ой елегіне түспеген, зерттелмеген, зерттелсе де біртекті бағасына ие бола алмаған құбылыстары мен оқиғалары көп-ақ. Соның ішіндегі маңыздыларының бірі-қазақтың өлген адамды шығарып салуға байланысты қалыптасқан жылға созылатын уақыттық-межелік ырым-жоралар жосынының аяқталу кезеңін білдіретін - ас беру дәстүрі. Ас беру дәстүрінің қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси, рухани қатынастар жүйесіндегі атқаратын функционалдық қызметі әр кезеңдердегі тарихи-этнографиялық, ғылыми, ғылыми-көпшілік әдебиет пен көркем шығармаларда көбінесе отбасылық салт-дәстүрлер мен діни ғұрыптық

жоралар жосындарының ішінде ат үсті ғана қаралып, арнайы зерттеу тақырыбы ретінде қаралмағаны белгілі. Көпшілік еңбектерде белгілі бір астардың көлемі, асты өткізу тәртіптері, ондағы орындалатын әртүрлі салт-дәстүрлік шаралар мен діни ғұрыптық жоралардың өткізілу (бәйге, балуан күресі, айтыс, жамбы ату, тұл аттың сойылуы, септің таратылуы, қаралы тудың сындырылуы т.б.) ретін суреттеу сияқты астың сыртқы формасын бейнелейтін деректердің тіркелуі басым. Ал астың қоғамдық қатынастарды реттеушілік әлеуметтік-саяси институционалдық рөлі жеке зерттеу тақырыбы ретінде әлі күнге дейін мүлде қаралмаған десе де боларлық.

Дәстүрлі қазақ қоғамының көп қырлы тіршілік қалыбының жоғары өркениеттілікке тән әлеуметтік-саяси ұйымдасу санаты жоғары дәрежеде болып, үйлесімді өмір сүруінің бұлжымастығын қамтамасыз ететін экономикалық-саяси, әлеуметтік және құқықтық қатынастар нормаларының жиынтығы болды. Өйткені салт-дәстүр дегеніміз адам қажеттілігін өтейтін барлық материалдық, әлеуметтік және рухани құндылықтардың тоғысы. Оның ішінде әсіресе қай халықта болмасын өлген адамды соңғы сапарға шығарып салуға байланысты қалыптасқан салт-дәстүрлері—уақыт тезіне көне бермейтін, ғасырлар бойы өзгеріске ұшырай қоймайтын белгілі бір әлеуметтік-қоғамдық көзқарастардың, идеялық нормалардың ең бір консервативті түрі болып табылады.

Қазақ халқының да өлген адамға байланысты әдет-ғұрып, салт-дәстүрлер тәртібі, белгілі бір табиғи-экологиялық кеңістікті игеру жолында қалыптасқан қоғамдық-әлеуметтік, саяси жүйелердің жиынтығы ретінде этнография ғылымының ең өзекті мәселелерінің бірі десек артық емес. Оның ішінде, әсіресе өлген адамды шығарып салуға байланысты ғұрыптық циклдің қорытынды нүктесін қоятын ас беру дәстүрінің маңызы зор.

Бүгінгі күні тәуелсіз еліміздің өзіндік ұлттық-мемлекеттік идеологиялық тұғырнамасын жасау, қалыптастыру мен дамытуда сан мың жылдар белесінен бүгінгі күнге дейін мазмұнын жоғалтпай жеткен, ұлттың

ұжымдық ұйтқысының негізі болған салт-дәстүр, әдет-ғұрып заңдарының танымдық, тәрбиелік және құқықтық мәні бар белгілері негіз болуы шарт. Қазіргі уақытпен ежелгі көшпелілердің арасының алшақтығына карамастан, ас беру дәстүрі әліде ел арасында өзектілігін жоғалтқан жоқ. Тіпті жалпы көшпелі өркениеттің күйзеліске ұшыраған уақыты XVIII-XIX ғғ. да ас беру дәстүрі қоғамдық қарым-қатынастардың жойқын реттегіш мәнде болды.

Кейінгі кезеңдерде өмір сүрген елге сіңірген қызметі ұмыт болған қоғам қайраткерлеріне көптеген астардың берілгені белгілі. Бұл тек дәстүр жаңғырығы ғана емес, қазақ қоғамында ас беру дәстүрінің қоғамдық реттегіш қызметіне бүгінгі күні де сұраныстың жоғалмауының белгісі.

Дәстүрлі қазақ қоғамының өмір сүру қалыбын ішінара жан-жақты сипаттауға ұмтылған салмақты зерттеу жұмыстары XVIII ғасырдың екінші жартысында басталды. Бұл зерттеулердің қазақтың көшпелілік дәстүрлі құрылымына берген бағасын дәл анықтау тарихнамалық еңбектердің басты мақсаты. Бұл салада ғалымдар тарапынан қол жеткен жетістік аз емес. XVIII-XIX ғасырларда Ресейдің қазақ даласын отарлау кезеңіндегі әртүрлі шараларды іске асыруға бағытталған көптеген империялық әскери-азаматтық, дипломатиялық мекемелердің қызметі (әртүрлі мақсаттағы негізінен әскери экспедициялар, әскери-азаматтық басқару органдары) мен жекелеген чиновниктердің қағаз бетіне түсірілген жазбаларының тарихи-деректік құндылығы басым. Осы кезең зерттеушілерінің өкілдері эмпирикалық мәліметтерді көбірек жинауға ден қойды десек артық айтқандық емес. Осы зерттеушілердің қай-қайысы да қазақ өмірін, тілін жақсы білгендіктен еңбектерін ел арасынан өздері жинаған мәліметтер негізінде жазған. Олардың барлығында қазақтың ас беру дәстүрінің әдеттегі өлген адамды шығарып салуға байланысты орындалатын діни ғұрыптық салттан өзгеше қоғамдық мәні аса жоғары халықтық жиын екеніне назар аударылған.

Жалпы XIX ғасыр тарихнама үшін аса бір табысты кезең болды. Осы ғасырдың бас кезінен бастау алған қазақ даласын әртүрлі мақсаттағы зерттеу жұмысының тізімі уақыт өте келе үлкен нөпірмен көбейе түсті. XIX ғасырдың ортасы мен соңғы кезеңіне қарай қазақ даласын отарлау саясаты күшейіп, реформалардың жүргізілуі қазақ қоғамын кең көлемді, жан-жақты қамтылған зерттеу еңбектерінің дүниеге келуіне қозғау салды. Олардың ішінде **Ш.Ш.Уәлихановтың қазақтың этномәдени, әлеуметтік-саяси құрылымының қалыптасу, өмір сүру ерекшеліктеріне байланысты маңызды ойлары қазіргі күнге дейін өзінің ғылыми маңызын жойған жоқ. Оның пікірінше қазақ дәстүрлерінің бәрі өз бастауларын көнеден алады. Біздің тақырып бойынша зерттеушінің теңдесі жоқ еңбегі алғаш рет қырғыз халқының «Манас» жырының көлемді бір бөлігі «Көкетайдың ертегісін» жазып алып, ғылым қорына қосуы. Бұл жыр негізінен ас берудің ең ерте нұсқаларының бірі аса көркем тілмен жырланып қана қойылғанымен ғана емес, ондағы деректердің мәліметтік-танымдық құндылығымен де ерекшеленеді. Осы кезеңде жарық көрген еңбектердің ішінде ғылыми құндылығы мен әдістемелік объективтілігі жоғары атақты түріктанушы В.В.Радловтың зерттеулері болып табылады. Көшпелі шаруашылық жағдайында қалыптасқан қазақ қоғамының ішкі табиғи өмір сүру ерекшелігін дәл басып, таныған ол XIX ғасырдың орта шеніне дейін басым болып келген А.И.Левшиннің пікіріне: «...оларда (қазақтарда) бізден өзгеше, бөлек, өз ішінде толық реттелген мәдени қарым қатынастар бар»-деп тойтарыс береді, әрі қазақтың отбасылық салт-дәстүрлері, оның ішінде ас беру дәстүрінің орындалу ретін Ұлы жүзде өзі қатысқан бір астың негізінде толық қағаз бетіне түсіреді. Дегенмен XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың бас кезінде кейбір зерттеушілер ас беру дәстүрінің қазақ қоғамы, әлеуметтік-рухани құндылығы жүйесіндегі орны мен қызметін анықтауға арналған ғылыми-сараптамалық ұмтылыс жасайды. 1900 жылы «Дала уәлаяты» газетінің бетінде жарық көрген «О киргизских поминках» атты мақаласында**

Ә.Бөкейханов «ас көшпелі қазақ халқының ең қасиетті дәстүрі» деп атай келіп, оның мән мағынасын, қоғамдық өмірде алатын орнын ішінара талдап, ас беру дәстүрінің саны азаюының, елдегі мал басының кемуі, жалпы XIX ғасырдың соңына қарай қазақ көшпелі қоғамының тоқырауға ұшырауын экономикалық-саяси себептерімен нақты дәлелдер келтіре отырып ашып көрсетеді.

Ресей империясының қазақ даласын отарлау саясатының мақсаттарына сәйкес іске асырылған жаңа әкімшілік-территориялық саяси басқару жүйесінің нәтижесінде дәстүрлі қазақ қоғамының сан ғасырлар бойы қалыптасқан әлеуметтік-саяси, рухани құндылықтар жүйесінің дағдарысқа ұшырау себептерін дәл бағамдайды.

Қазақ тарихы мен этнографиясының көрнекті зерттеушісі Қ. Халиди қазақтың өлікті шығарып салуға байланысты ырым-жоралары, оның ішінде ас беру дәстүріне арнайы тоқталады. Автор ас беру дәстүрінің шығу тегін бағамдауға талап қылады. Әрине, автордың сол кезеңдердегі этнография ғылымының даму дәрежесіне сай бұл күрделі мәселенің тура шешімін табуы мүмкін емес еді. Зерттеушінің қазақтарда ас беру дәстүрінің исламға дейін пайда болған құбылыс екенін айта келе, оның қазақтарға моңғолдардан келген деген пайымдауымен келісу қиын.

XIX ғасырдың соңына қарай қазақтарда ас беру дәстүрінің азаю себептерін көрсетіп, оның ішінде, әсіресе, ислам діні әсерінің күшеюін негізгі факторлардың бірі деп көрсетеді. Қазақ шежіресін алғаш рет қағаз бетіне түсірушілердің бірі М.Ж. Көпеев еңбектерін тарих-этнография ғылымы үшін маңызы теңдессіз деп айтуға болады. Оның астың өткізілуі реті, қоғамдық қызметі туралы жинаған ауызша тарих деректері мол мағлұматтар береді. Ас үстінде серт беру, асқа салтанатпен келу, кісі күту, бәйге дауы, балуан күресі т.б туралы құнды деректерді ғылым қорына қосады. Оның астың қоғамдық мәнін терең түсінуі 1886 жылы Абайдың әкесі Құнанбайға ас бермеуін сынап жазған мақаласынан көрінеді.

Жалпы Қазан төңкерісіне дейін этнографиялық зерттеулердің мазмұны негізінен эмпирикалық бағытта болып ас берудің таза сыртқы формасын-өткізілу тәртібін термелеп суреттеп жазу тұрғысында ғана болып, оның ішкі семантикалық мәніне терең талдау болмағанын көреміз. Жалпы бұл зерттеу жұмыстарының қай-қайсысын болмасын арнайы маманданған зерттеу жұмысы деуден көрі құнды дерек көздері ретінде бағалауға болады. Қазақ халқының этнографиясының сан-салалы жан-жақты зерттелуі Кеңес өкіметі орнағаннан кейін жаңа серпін алды. Бұл ретте Алтай өңірінің көне тарихының көрнекті зерттеушісі С.И. Руденконың есімін бірінші кезекте ауызға алуымыз керек. 1927 жылы Шығыс Қазақстан облысы Шілікті алқабында өткен, өзі куә болған асты жан жақты суреттеп жаза келе, оны 1896 жылы осы өлкеде өткен аспен салыстырады. Кейіннен ол Таулы Алтайдағы Пазырық обаларын зерттеп «Пазырық қорғандары сияқты аса үлкен құрылыстарды салу, қазақтардағыдай ас беру дәстүрінсіз дүниеге келуі екіталай»-деп, зерттеушілер арасынан тұңғыш рет ежелгі көшпелілер дәуірінде Алтай өлкесін мекен еткен тайпалар бірлестігінің тұрмыс-тіршілік, рухани дүниетанымдық санаттарын түсіну үшін қазақ этнографиясына мән беру керектігін тұңғыш рет атап көрсетеді, сондықтан да осы ғалым пікірінің әдістемелік мәні аса құнды болып саналуға тиісті⁵.

Кеңес өкіметі кезеңіндегі ұйымдастырылған алғашқы этнографиялық экспедициясының мүшесі Ф.А. Фиельструптің қазақ, қырғыз халықтарының өлген адамды шығарып салуға байланысты ырым-жоралары жайында біршама, бірақ толық емес мағлұматтар жинап, жүйелеген ғылыми еңбегі атап айтуға тұрарлық. Зерттеуші ас беру дәстүрінің негізін құрайтын компоненттерін-ақсақалдар кеңесі, сауын айту, ас өткізу мерзімдері т.б.-Қазақстанның аймақтық (рулық-Е.С.) ерекшеліктерін ескере отырып жүйеге келтіруге тырысады. Автордың деректерінен көрініп отырғандай ас беру дәстүрінің өткізілу тәртібінде Қазақстанның барлық аймақтарында бір-бірінен атап айтарлықтай ешқандай өзгешелігі жоқ.

Ә.Х.Марғұланнның Беғазы-Дәндібай мәдениетіне арналған іргелі жұмысының қазақтың ас беру дәстүрінің шығу тегін зерделеуде әдістемелік теориялық маңызы теңдессіз. Ондағы жерлеу кешендері, патриархалдық-рулық қоғамның неғұрлым көрнекті мүшелерінің қабірлері. Мұнда толып жатқан мал сүйіктері түрінде құрбан шалудың және ас беру дәстүрінің іздері сақталған—құрбандық шалу үстелінде көптеген қыш ыдыстар, әртүрлі керек-жарақтар да, сәндік заттар мен қару-жарақтар бірге жерленген. Ғалым Тасмола мәдениетін зерттей келе, «мұртты қорғандардың» құрбандық шалып ас беретін жерді белгілейтін ғұрыптық құрылыстар қатарына жатқызады. Белгілі қазақ этнографы Х.А.Арғынбаев қазан төңкерісіне дейінгі қазақ отбасындағы отбасылық қарым-қатынастар жүйесін нақты деректер арқылы жан-жақты қарастырады. Адамның өлген күнінен бастап орындалатын діни-ғұрыптық жоралардың ерекшелігіне тоқтай келе, зерттеуші ас беру дәстүрінің шығу тегі туралы «ас беру өлген адамның о дүниеде жүрген жанының, яғни аруағының құрметіне құрмалдықтар жасау арқылы өлілердің тірілерді жебеп-желеуін, қысылғанда сүйеп қолдауын керек еткен қараңғы халық сенімінен туған ғұрып. Мұның өзі ислам дінінен әлде қайда бұрын қалыптасқан көне діни сенім—ата-бабалар «аруағының кереметіне» сенуге байланысты пайда болған»—деген тұжырым жасайды. Бұл еңбектің ең басты құндылығы ондағы келтірілген деректердің молдығы, әрі ақпараттық нақтылық, ақиқаттылық дәрежесінің жоғары болуында.

Ғалымның ғылыми тұжырымдамасы—ас беру дәстүрінің шығу тегі мен әлеуметтік-саяси мәнін зерттеуде ең басты әдістемелік бағыт болып табылады. Этнограф, философ С. Ақатаевтың еңбектеріндегі ата-баба аруағына табынуға арналған тарауда автор қазақтың өлген адамды шығарып салуға байланысты ырым-жоралар мен соған қатысты наным-сенімдік көзқарастар жайын біршама көлемде талдап өтеді. Зерттеуші ас беру дәстүрінің қоғамдық мәнін: «Ру абырой атағын асыратын үлкен астар ру аралық жиын, мәжіліс қызметін де атқарған. Белгілі кісілердің асында

құрылтай шақырылып, қолбасшылар, батырлар сайланған, ел қорғау жөнінде шаралар белгіленіп, ру аралық талас-тартыс мәселелері шешілген, әрі шығу тегі жағынан көне құбылыстар қатарына жатады»-деп жаза келе ежелгі дәуірлерде қазақ даласын мекен еткен тайпалар мен қазақтардың тұрмысы, дүниетанымдық көзқарасы арасындағы тарихи-мәдени ортақ белгілердің бар екенін баса айтады. Белгілі қазақ этноархеологі Ә.Т.Төлеубаевтың қазақтың отбасылық ырым-жоралық салт-дәстүріне арналған көлемді монографиясында қазақтың өлген адамды о дүниеге шығарып салуға байланысты ырым-жоралар жосынына үлкен бір тарау арналған.

Біздің ойымызша, аталған автор хронологиялық ауқымды, кең заманды қамтитын деректер негізінде салыстырмалы-тарихи аспекті тұрғысынан қазақ халқының отбасылық-тұрмыстық наным-сенімі мен ырым-жораларының шығу тегі, ішкі семантикалық мазмұны мен осы құбылыстардың әлеуметтік және этнологиялық түп-тамырларын дәл көрсете алған бірден-бір ғылыми еңбек жасай алды деп айта аламыз. Зерттеуші өз еңбегінде өлген адамды еске алу күндерінің (үші, жетісі, қырқы, жылы немесе ас) семантикасын тиянақты талдап анықтама береді, өлген адамды еске алу ұғымын кеңейтіп, жаңа терминологиялық түсінік ұсынады: «...устройства в течение года после смерти и в честь него, было бы правильнее назвать не поминальными, а прощальными или прощально-поминальными».

Көрнекті қазақ этнографы С.Е.Әжіғали монографияларында Арал-Каспий өңіріндегі жерлеу архитектурасы негізінде аталған регионның этнотарихи, географиялық-саяси жағдайына байланысты қалыптасқан спецификалық ерекшеліктерінің пайда болып, қалыптасуын және жалпы көшпелілік мәдениеті мен қазақ этномәдениетінің генезистік мәселелері көтеріледі. Мәселен, ведалық ашвамедха рәсімін типологиялық параллелдер арқылы қазақтың «ас» қырғыздың «аш» беру дәстүрлерімен байланыстыра зерттеп олардың арасындағы тарихи-мәдени сабақтастықты дәлелдейді.

Ашвамедха тек патшаларға берілсе ас қазақтарда қоғамға еңбегі сіңген атақты адамдарға ғана берілген.

Этнолог-ғалым Ж.О.Артықбаев дәстүрлі қазақ қоғамның этноәлеуметтік, саяси және экономикалық структурасына иек арта отырып XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ қоғамындағы қоғамдық қатынастар моделінің сақталып қалған және ішінара өзгерістерге ұшыраған салт-дәстүр рәсімдерін саралайды.

Сонымен қатар ас беру дәстүрінің маңызын «ас қоғамдық байланыстың ең жоғары деңгейі деп есептеуге болады. Бірнеше ру, немесе ұлыс, тіпті қазақ баласы түгел бас қосқан бұл жиындарда көшпелі елдің ішкі-сыртқы қоғамдық мәселелері түгел талқыланады, өз шешімін табады. Ас иелерінің әлеуметтік статусы өсіп, немесе одан әрі бекіп ата бабаларының, рудың қоғамдық рейтингі жоғарылайды»-деп, ас беру жалпы көшпелілер қоғамының ішкі қатынастарын реттейтін саяси институттарының бірі болды деген тұжырым жасайды. Қазақ этнология ғылымының теориялық-әдістемелік бағыт бағдары тақырыбында мазмұнды пікірлер айтып жүрген Н. Әлімбаев еңбектерінің қазақ этнографиясының әртүрлі аспектілер бойынша зерттеудегі ғылыми-теориялық ұстанымның тиімді нұсқаларын қолдану мәселесін анықтауда маңызы зор. Оның пікірінше «Казахский ас не относится к разряду обычных народных праздников. Прежде всего ас мыслится как ритуал призванный поддержать этнический дух традиций, ... он в сущности представляет собой великий ритуал всеобщего самоочищения. В этом смысле ас есть превентивная мера общества, которая имеет своей целью предотвратить возвращение внутри себя нежелательных явлений».

Қазақ халқының рухани дүниетанымдық көзқарастарының қалыптасу кезеңдері мен даму үрдістерін ғылыми тұрғыдан зерделеуде теориялық тұғырнама ретінде пайдалануға С.А.Токарев, Г.П. Снесарев, Л.Я. Штернберг, Н.А.Алексеев, Г.Н.Симаков т.б. еңбектерінің маңызы зор.

Қысқаша тарихнамалық шолуды қорытындылай келе айтарымыз, жекелей отбасылық салт-дәстүрлері аясында ас беру біршама жақсы зерттелгенмен – оның әлеуметтік-саяси институтционалдық қызметін саралау осы күнге дейін толыққанды арнайы жеке зерттеу объектісіне айналмаған, сөйтіп әлі де өз шешімін күтіп жатқан проблемалар қатарына жатады. Дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси қатынастар жүйесінің қызмет ету үрдісіндегі ас беру дәстүрінің алатын орны мен маңызын саралап, терең ғылыми қорытынды жасау, генезисі мен семантикалық белгілерін анықтау– зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады. Осы мақсатқа жету үшін келесі міндеттерді белгіледік:

- ас беру дәстүрінің шығу тегін зерделеу;
- ас беру дәстүрін қазақ халқының этномәдени, этноәлеуметтік-саяси дамуы тұрғысынан зерттеу;
- ас беру дәстүрінің атқарылу үрдісін, ғұрыптық маңызын анықтау;
- ас беру дәстүрін символикалық іс-әрекеттер жүйесін саралау арқылы қарастыру;
- ас беру дәстүрінің негізгі белгілерін, семиотикалық заңдылықтарын айқындау;
- ас беру дәстүрінің саяси және әлеуметтік реттеушілік қызметін ашып көрсету.

Ас беру дәстүрін аталған аспект аясында қарастыру, дәстүрлі қазақ көшпелілік қоғамын нақты түсінуге, оның этнос және мемлекет есебінде өмір сүруін терең зерттеуге мүмкіндік береді.

Ас беру дәстүрінің қазақ қоғамының әлеуметтік-саяси қатынастар жүйесіндегі қызметін және институтционалдық статусын айқындау зерттеу жұмысының негізгі нысаны болып табылады. Дәстүрлі қазақ қоғамын саяси-экономикалық, идеологиялық біртұтас организм ретінде қалыптастырған маңызды институтының бірі–ас беру дәстүрі және оның әлеуметтік-саяси реттеушілік мәні зерттеу жұмысының негізгі пәні болып табылады.

Қазақ қоғамының шаруашылық, әлеуметтік-саяси даму ерекшелігі таптық жіктелістен ада қарым-қатынастарға негізделген әлеуметтік қатынастарға тәуелді болуында деуге болады. Көшпелілердің рулық қоғамы – тектік негізде құрылады. Антогонистік қарым-қатынастарға негізделген таптық қарама-қайшылықтың болмауы өз негізінде қоғамдық-саяси іс-әрекет атаулының барлығы туыстық қарым-қатынастарға тәуелді болып келетін әлеуметтік өзара ынтымақтастыққа негізделген қатынастарды қалыптастырады, соған сай мәдени, рухани қажеттіліктерді туындатады. Осы аталған жайттарды басшылыққа алар болсақ, аталған тақырыбымызға байланысты тарихилық қағидасын берік ұстану, тарихи сабақтастық, себеп пен салдар, жалпылық пен жалқылық категорияларына негізделген әдістемесіне сүйену, тарихи жүйелілік, тарихи салыстырмалылық қағидасын басшылыққа алу тәрізді басым бағыттарын жетекшілікке алдық. Қазақ қоғамының дәстүрлі мәдени өміріндегі халықтың ауызша тарих айту дәстүрінің ерекше рөліне сай, ас беру дәстүрі тәрізді өзіндік ерекшелігі мол қоғамдық-саяси, әлеуметтік құбылысқа байланысты деректік табиғатының маңыздылық дәрежесін анықтау басты бағыт болды.

Қазақ халқының ас беру дәстүрінің қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси реттеушілік, идеологиялық тұғырнамалық құбылыс ретіндегі табиғатын айқындауға мүмкіндік береді. Дәлірек айтсақ сан алуан деректерді шендестіре, нақты, әрі жүйелі талдау пікірлерімізді ойдағыдай жүзеге асыруға методологиялық негіз болады.

Қазақ қоғамы этномәдени, саяси-экономикалық, идеологиялық тұрғыдан біртұтас организмді құрайды. Оған дәлел қазақ қоғамының біртұтас тарихи-дамулық келбеті, әлемдік этнологиялық әдебиеттегі қалыптасқан типологиялық жүйеде жылқылы-көшпелілер ретінде бейнеленеді. Осы біртұтастық қазақтың ас беру дәстүрінен көрініс табады. Бұл тарихи шындыққа көз жеткізу үшін зерттеу жұмысы қазақ қоғамының этнотерриториялық кеңістігін толық қамтиды.

Қазақ халқындағы ас беру дәстүрінің пайда болуы, қалыптасуы әлеуметтік-саяси жүйелерінің эволюциялық даму кезеңдеріне тікелей байланысты. Біздің ойымызша алғашқы белгілері шамамен қола дәуірінен (Беғазы-Дәндібай кезеңі) бастап пайда болған ас беру дәстүрі, кейінгі қазақ қоғамы өміріндегі мәдени-рухани, әлеуметтік-саяси, идеологиялық фактор ретінде әуелгі мән-мағынасын бүгінгі күнге дейін өзгертпей жеткен дәстүр. Бұл өз кезегінде зерттеу жұмысының хронологиялық межесін осы аса кең тарихи-уақыттық диапозонда алуға мұрындық болады. Тақырыптың мәнін ашу барысында негізінен XVIII-XIX ғасырлардағы жазба деректеріне көбірек сүйенуге тура келді.

Бітіру мамандық жұмысын жазу кезінде әртүрлі тарихи кезеңдерге қатысты деректер: – Ежелгі және орта ғасырларда пайда болған грек-рим, шығыс, қытайдың әртүрлі мазмұндағы тарихи-этнографиялық, саяси, географиялық шығармалары; – Патшалық Ресей империясы отарлау аппаратының арнайы ведомстволары қызметкерлерінің жазбалары мен зерттеулері, шежіренің жазба түрінде жарық көрген нұсқалары, тарихи фольклор мен эпикалық шығармалардың материалдары пайдаланылды.

Қазақ көркем-әдеби шығармаларындағы ас беру дәстүрінің суреттелуі мысал болды. XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы қазақ этнографиясын зерттеушілерінің арасында аса өнімді зерттеулер жүргізген, көне наным-сенімдер мен ырымдар, әдет-ғұрыптар туралы бай материалдар жинап жарыққа шығарған Ә.Диваевты атау керек. Оның Оңтүстік өңірі қазақтарының тұрмыс-тіршілігін бейнелейтін аса білгірлікпен жинақталып, жүйеленген деректері жарық көрді. XX ғасырдың бас кезінде ас беру дәстүрі жайында жарық көрген алғашқы еңбектердің бірі С.Шариповтың мақаласында Орталық Қазақстанда XIX ғасыр мен XX ғасырдың бас кезінде берілген астар туралы таза статистикалық мәліметтер беріледі. Қазақтардағы ас берумен, ондағы өткізілетін шаралардың астың көлемі мен мақсатына сай салмақтылығын саралау болып табылады. Осы тарихи сабақтастық пен

тұтастық қалыбын қалпына келтіру үшін оның ішінде ас беру дәстүрінің шығу тегін зерттеу барысында аса маңызды құнды мәліметтерді археологиялық деректерден аламыз. Ел арасында сақталып, ғылыми айналыстан сырт қалған сан деректердің біздің проблеманы толықтай ашу үшін тигізген септігі шексіз. Ақпарат берушілер деректерінің құндылығы сонда олар өзі көрген немесе атқаруға қатысқан дәстүрлік салттарды ғана хабарлайды. Сол үшін де олардың деректері XX ғасырдың бас кезіне дейін сақталған салт-дәстүрлер мен діни ғұрыптық шаралардың орындалуы мен олардың дәстүрлі қазақ қоғамындағы әлеуметтік-саяси институционалдық қызметін дәл бейнелейді. Көшпелі халықтар мәдениетінің соңғы бірнеше жүздеген жылдар бойына аса көп өзгерістерге ұшырай қоймағанын ескерсек, біздің информаторлардың деректерінің тарихи-этнографиялық сәйкестілік тұрғысынан дәлдік, мағыналық құндылығы күмән туғызбайды. Фольклорлық шығармалар мәтінінде ғұрыптық жоралғылар әр кез өз көрінісін тауып отырған. Қазақ халқының көркем шығармашылығының архетипі де, дәстүрлік басты типі де—фольклор. Ас беру дәстүрі басқа түркі халықтарына қарағанда қазақ халқына этнографиялық белгілері жағынан аса жақын болып келетін қырғыз халқының эпосы «Манас» жырында аса дәлдікпен жырланады. Қазақ лиро-эпостық жыры «Айман-Шолпан», «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырында да астың өткізілу тәртібінің кейбір мәселелері жырдың негізгі тақырыбы болып келеді. Қазақтардағы ас беру дәстүрінің бейнесі қазақ көркем сөз әдебиеті жанрларында да асқан дәлдікпен суреттеледі. М.Әуезов «Абай жолы», І.Жансүгіров «Құлагер», І.Есенберлин «Көшпенділер», С.Бегалин «Жамбыл: ғұмырнамалық роман», Б.Сапаралы «Құнанбай қажы» шығармаларында астың өткізілуі аса көркем, әрі тарихи шыншылдықпен баяндалған.

Жұмыста ұсынылған негізгі тұжырымдар:

– ас беру дәстүрінің шығу тегі қазақ даласында ежелгі және орта ғасырларда мекендеген тайпалардың діни-нанымдық, ғұрыптық жүйесімен сабақтастық тұрғысынан зерделеуді қажет етеді;

– қазақ халқының этномәдени және әлеуметтік-саяси ұжымдасу үрдісін және жүйесін ас беру дәстүрінің атқаратын қызметі арқылы бағамдауға болады;

– ас беру дәстүрінің өткізілу тәртібі мен оның ғұрыптық мәнін оларды қоғамды реттеуші қалыптасқан тетіктер жүйесі ретінде қарастыруға мүмкіндік береді;

– астың белгілі бір семантикалық мазмұндағы негізгі белгілерінің жиынтығы көшпелі қоғамдағы әлеуметтік теңсіздік межесін анықтауға және саралауға мүмкіндік туады;

– аста өткізілетін ұлттық ойын түрлері олардың астың негізгі идеялық мақсат-мазмұнын ашуға тиісті ғұрыптық негіздегі символикалық әрекеттердің жиынтық көрінісі болғанын көрсете алады;

– ас беру дәстүрінің әлеуметтік-саяси қызметін зерделеу оны қазақ қоғамының құқықтық-заңдылық реттеушілік нормалар жүйесінің аясында қарастыруға жол ашады.

2.3.САБАҚТЫҢ ТАҚЫРЫБЫ: САЛТ-ДӘСТҮРЛЕР МЕН НАНЫМ-СЕНІМДЕРГЕ БАЙЛАНЫСТЫ СЫНЫПТАН ТЫС САБАҚ ҮЛГІСІ

I. Ұйымдастыру кезеңі

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларды қазақ халқының дәстүрлерімен, наным-сенімдерімен таныстыру.

Дамытушылық:

Оқушылардың оқулықпен өздігінше жұмыс істеу біліктерін одан ары дамыту жұмысын жалғастыру.

Тәрбиелік:

Халықтың салт-дәстүріне, әдет ғұрпына деген құрметтеушілік сезімдерін тәрбиелеу

Көрнекілігі: интерактивті тақта, бейнефильм

Психологиялық дайындық

Қандай жақсы бақытты балалық шақ!

Қандай әсем ойнаған қозы-лақ.

“Құлыным” деп әкешім еркелетсе,

“Балапаным” деп анам жаяр құшақ.

Ата-анамның менмін ғой бала шағы,

Әдептілік балаға жарасады.

Жақсы азамат боламын өскенде мен,

Балалар ғой елімнің болашағы.

Өнеріне халқымның бас иемін,

Тыңдап өскен бабалар өсиетін.

Мен қазақтың баласы өнер сүйген.

Қадірлеген елімнің қасиетін!

II.Үй тапсырмасын тексеру:

1.Ертегілер елінде Керкұла атты Кендебай атты ертегісінен үзінді.

2.Аңыз әңгімелер (Шешендік сөздер)

Жиренше шешен, Алдар көсе,

Асан қайғы,Қорқыт

“Сұратқан хан ақымақ па, сұраған сен ақымақ па?”

3.Эпостық жырлар

“Алпамыс батыр”, “Қобыланды батыр”, “Ер Қосай”, “Ер Тарғын”

4. Лиро – эпостық жырлар

“Қозы Көрпеш - Баян сұлу”,

“Қыз Жібек”,

“Айман - Шолпан”

5. Мақал-мәтелдер

Жері байдың елі бай.

Ай ортақ, күн ортақ, жақсы ортақ.

Талаптымен таласпа.

Мақалдың жалғасын тап

Елдің көркі – ерімен ...

Болар бала он бесінде баспын дер,...

Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа,...

Туған жердің жуасы да тәтті...

Туған жерге...

6. Жұмбақтар елінде

1. Аттан биік,

Қойдан аласа. (Ертоқым)

2. Мүйізіне бір құшақ,

Пішенді іліп алады.

Шаруа баққан ұл құсап,

Ақырға шөп салады. (Айыр)

3. Жаурағанды күлдірер,

Өз еркіне жіберсең,

Дүниені бүлдірер (От)

7. Нақыл сөздер

Бақпен асқан патшадан

Мимен асқан қара артық.

Сақалын сатқан кәріден,

Еңбегін сатқан бала артық

Абай

III. Жаңа сабақ

Салт – дәстүр бейне көрініс

Салт-дәстүр дегеніміз - өте ерте кезден осы күнге дейін халықтың өмірі мен тұрмысында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан үлгілі істер.

Қазақ халқында қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, жастарға қамқоршы болу, ата-ананы ардақтау сияқты ізгі дәстүрлер бар.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері: Отау көтеру, тәрбие дәстүрі, отбасы, тұрмыс дәстүрлері, еңбек дәстүрлері, ислам дәстүрлері, наурыз дәстүрлері, қаза ғұрыптары.

1. Отау көтеру

Қыз айттыру

Құда түсу

Қалың мал

Қыз ұзату

Неке қияр

Жар-Жар

Келін түсіру т.б

2. Тәрбие дәстүрлері

Шілдехана

Ат қою

Бесікке салу

Бесік жыры

Қырқынан шығару

Тұсау кесер

Ашамайға мінгізу

Сүндет той т.б

3. Отбасы тұрмыс дәстүрі

Бата, бәйге,

Кәде, мүшел

Көрімдік

Көкпар

Қалау

Қонақасы

Соғым басы

Сүйінші

Сыбаға, шашу т.б

4.Еңбек дәстүрлері

Асар

Қазық майлау

Сабан той

Аңшылық

т.б

5. Наурыз дәстүрлері

Қыдыр ата

Наурыз көже

Наурыз жыры

Бата т.б

6. Ислам тағылымы

Айт, айттық

Құрбан шалу

Жарапазан

Зекет

Зікір

Намаз

Ораза

Ауыз ашар

Пітір т.б

7. Қаза ғұрыптары

Арыздасу

Өсиет

Иман айту

Көңіл айту

Жоқтау

Жаназа

Көрісу т.б

1.Қонақжайлық-келген қонақт ықұрметпен қарсы алып, сыйлап күту

2.Асар-қазақтың арасында ертеден келе жатқан салттардың бірі.

3.Қазақтың діни наным-сенімдері.

Дәптермен жұмыс

Салт-дәстүр дегеніміз - өте ерте кезден осы күнге дейін халықтың өмірі мен тұрмысында сақталып, ұрпақтан-ұрпаққа ұмытылмай жалғасып келе жатқан үлгілі істер.

Қазақ халқының салт-дәстүрлері:

Отау көтеру, тәрбие дәстүрі, отбасы, тұрмыс

дәстүрлері, еңбек дәстүрлері, ислам

дәстүрлері, наурыз дәстүрлері,

қаза ғұрыптары.

Кітаппен жұмыс

Білімпаздар үшін

“Баланы атқа мінгізу салты”

Бейне фильм

Қорытынды

1.Асар деп нені айтады?

2.”Бөлінбеген енші” деген не?

3.Салт-дәстүр сөзінің мағынасын түсіндір.

4.Қазақстанда тұратын басқа халықтардың қандай әдет-ғұрыптары бар?

5.Діни наным-сенімдер туралы әңгімелеп бер.

«Қонақжайлық рәсімін көрсету»

Үйге тапсырма:

“Қазақ халқының салт-дәстүрлері мен наным-сенімдері”

тақырыбымен танысып, сұрақтар мен тапсырмаларға дайындалып келу

Бағалау

ҚОРЫТЫНДЫ

Бітіру мамандық жұмысы бойынша екі мақала жарық көрді. Жұмыс кіріспеден, екі тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттерден тұрады.

Кіріспеде тақырыптың өзектілігі негізделенеді, басты деректер көзі көрсетіліп, тарихнамалық шолу жасалады. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері, территориялық және хронологиялық ауқымы, теориялық және методологиялық негіздері, ғылыми құндылығы мен практикалық маңызы және сыннан өтіп талқылануы, құрылымы беріледі. Жұмыста түркі

халықтары мен қазақ халқына тән наным-сенімдер, аңшылыққа, жануарларға байланысты дәстүрлер мен наным-сенімдер жан-жақты сөз болады. Әсіресе қазақ халқының неше ғасырлардан бері жалғасып келе жатқан ас беру дәстүрінің шығу тегі мен маңызы қоғамдық өмірді әлеуметтік организм ретінде жалпылама талдауды емес, оның өміршеңдігінің кепілі болған кейбір элементтерін қарастыруды мақсат еттік. Қай халықта болмасын өлген адамды соңғы сапарға шығаруға байланысты атқарылатын салт-дәстүрлері ғасырлар бойына ешқандай тарихи катаклизмдерге қарамастан көп өзгеріске ұшырай қоймайтын ең бір консервативті түрі. Өйткені ол осы салт-дәстүрлерді туындатып қалыптастырған халықтардың мыңдаған жылдық белгілі бір экологиялық-географиялық кеңістік аясында қалыптасқан экономикалық-шаруашылық, діни-идеологиялық, әлеуметтік-саяси және мәдени қатынастарды реттеп отыратын салт-дәстүрлерге негізделген әдет-ғұрып заңдары мен идеологиялық тұғырнамасы, рухани құндылықтары жиынтығының ең бастысы болып табылады. Бұл жер діни тәртіптер мен ұлттық заңдылықтар, этикалық-эстетикалық саналық қалыптары қордалана тоғысатын бірден-бір құбылыс. Басқа да халықтар сияқты қазақ халқының да өте ерте замандарда қалыптасқан өлген адамға байланысты ырым-жоралар жосыны аздаған өзгерістермен бірақ негізін сақтап бүгінгі күнге дейін келіп жеткен. Жазба немесе археологиялық, этнографиялық ескерткіштерді саралай келгенде айтарымыз, қазақ халқының рухани мәдениетінің қайнар көзі көне дәуірлер мен ортағасырларда даламызды мекендеген көптеген этникалық топтар мен тайпалар мәдениетінің қойнауында жатқанын айқын аңғарамыз.

Деректерге көз салсақ қазақтардың тұрмыс-салттық, діни ырым-жораларының рухани-дүниетанымдық көзқарастарының түп қайнары тым тереңде жатқанын көреміз әрі жазба ескерткіштер мен археологиялық деректер бір-бірін еш қайшылықсыз толықтырып отырады әсіресе кісіні жерлеуге байланысты салт-дәстүрлердің қазақтар мен ежелгі тайпалар

арасындағы генетикалық сабақтастығын дәлелдейтін деректері көп-ақ. Қола дәуірінде Қазақстан аумағында қоғамның дамуында түбегейлі өзгерістер болды-тайпалық үстем тап және ең алдымен көсемдер оқшауланып бөлінді, ол әсіресе дәуірдің соңғы кезінде, Беғазы-Дәндібай мазарларынан және Түгіскен кесенелерінен айрықша көрінеді. Ерлер беделінің басым болуы, патриархалдық-үлкендерге құрмет көрсету, ру, тайпа көсемдерін пір тұту дәстүрін туғызды. Еркек-көсем, еркек-жауынгердің қоғамдық-әлеуметтік қатынастар иерархиясында жетекшілік мәртебеге ие болуы ежелден келе жатқан табиғат күштерін қастерлеумен бірге, ата-баба аруағына табынушылықтың пайда болуына ықпал етті, жерлеу дәстүріне байланысты орындалатын ырым-жоралар жүйесі күрделене түсіп, олардың тұтас регламенттік циклі қалыптасты. Осы дәуірден бастау алған наным-сенімдер, ата-баба аруағын қастерлеп, құрметтеу рәсімі дами түсті. Еуразияның далалық белдеуінде орналасқан, табиғи-экологиялық заңдылықтарға сай шаруашылық-экономикалық жүйе классикалық көшпелілік өркениетінің қалыптасып, бағамдалуының аяқталған кезі-ежелгі көшпелілер дәуірінің қазақ даласының этномәдени келбетінің бейнеленуін келесі мындаған жылдарға айқындалуында атқаратын рөлі өте зор. Қола дәуірінің соңғы кезеңдерінде негізгі белгілері қалыптасып, дами бастаған көшпелілік өркениетінің толық қалыптасып, дамуы нақ осы ежелгі көшпелілер дәуірінде аяқталады. Оның әлеуметтік-қоғамдық рухани үрдістерінің негізгі принциптері өз шешімін тапты, осы рухани үрдістердің көпшілігі еш өзгерместен күні бүгінге дейін келіп жетті, оларды тіпті ежелгі, орта ғасырлардағы қоғамдық-әлеуметтік, рухани сананың қалдықтары деп қарауға болмайды, өйткені осы түп-тамыры ежелгі замандар қойнауында жатқан салт-жоралардың көпшілігі әлі күнге дейін халқымыздың әлеуметтік-рухани қатынастарының, ұлттық бет-бейненің тұтастығын, мызғымастығын қамтамасыз етуге қызмет етіп келеді. Ежелгі сақ, үйсін, ғұн, қаңлы және орта ғасырларда өмір сүрген оғыз, қыпшақ т.б көшпелі халықтардың ата-баба

аруағына табынушылығы жайлы мәліметтерді археологиялық ескерткіштер мен көне жазба деректерден көптеп кездестіруге болады. Ә.Х.Марғұлан, К.А.Ақышев, М.Қ.Қадырбаев т.б пікірінше Бесшатыр, Есік, Берель, «мұртты обалар» т.б. көлемді ескерткіштерді тұрғызу, қазіргі қазақ халқының ас беру дәстүрі тәрізді аса үлкен қоғамдық-саяси мәні бар үлкен жиынсыз тұрғызылуы мүмкін емес. К.А.Ақышевтің есебі бойынша бір ғана үлкен Бесшатыр қорғанын салу үшін 65000 мыңға жуық адам-күші жұмсалған. Тек қана қазақ халқының діни көзқарасы (исламға дейінгі) жөнінде ғана емес, қазақ халқының құрылуының қайнар көзі болып табылатын қазақ даласын мекендеген ежелгі тайпалардың да діни көзқарасы туралы хабар беретін әр түрлі дерек көздерін (археологиялық, жазба деректері, бүгінгі күнге дейінгі реликт түрінде жеткен ырым-жоралар жосыны, т.б) саралай келіп айтарымыз, оларды С.Ақатаев «синкреттік» деп атаған діни-мифологиялық дүниетанымдық көзқарас жүйелер иерархиясында табиғат тылсымдарына табынудан көрі ата-баба аруағына табыну қазақ даласы көшпелілер өркениеті иегерлерінің бірнеше мың жылдық ғұмырының өн бойында, олардың діни наным-сенімдік жүйесінде жетекші орын алғанына көзіміз жетеді.

Ас беру дәстүрінің әлеуметтік-саяси реттеушілік қызметі отандық этнографиялық-тарихи әдебиетте алғаш рет жеке зерттеу объектісіне айналды. Ас беру дәстүрінің шығу тегі, өзгеру эволюциясы, уақыт пен кеңістіктікте таралуы, қазақ өркениетіндегі этноәлеуметтік, қоғамдық-саяси қатынастардың зерттелуі бітіру жұмысымыздың ғылыми жаңалығы болып табылады.

Бітіру мамандық жұмысының мақсаты қазақ этносының қоғамдық құндылықтарын анықтау. Екіншіден, туыстас халықтардың этномәдени дәстүрлері мен тарихын және көшпелілерінің ортақ проблемаларын шешуде, жоғарғы оқу орындары үшін арнайы курстар мен оқу құралдарын құруда т.б. қолданылады.

Ең басты мақсат қазақ қоғамын жоғары дәрежеде ұйымдасқан әлеуметтік-саяси ұжым есебінде қарастыру, оның этнографиялық сипатын ашып көрсету. Жұмыстағы деректер мен қорытындыларды ғылыми еңбектерде, өлкетану, саясаттану, мәдениеттану, дінтану сабақтарында пайдалануға болады. Зерттеудің нәтижелері мен қағидалары қазақ халқының рухани мәдени ізденістерін, дәстүрлі дүниетанымын саралап, бір жүйеге келтіру мақсатында қолданылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. И.А.Каримов. «Ёшларимиз-халқимизнинг ишончи ва таянчи» Т. 2006.
- 1.Кекілбаев Ә, Үркер, 1988
- 2.Есенберлин І, Көшпенділер,1990
- 3.Мәжінбеков С. Қазақтардың жан туралы ұғымы. Адам әлемі 4(26)-2005.3-б.
4. Маданов Х. Қазақ мәдениетінің тарихы. – Алматы: «Қаржы-қаражат», 1998 – 336 бет. 40-б.
5. Хозяйство казахов на рубеже XIX – XX веков. Материалы к историко-этнографическому атласу. Алма-ата, 1980, 127-б.

6. Арғынбаев Х. Қазақтың мал шаруашылығы жайындағы этнографиялық очерк. – Алматы, -1956. -160-б.
7. Әлзақов А. Мал шаруашылығындағы халықтық дәстүр калыптары: тағылым.// Егемен Қазақстан, -1997 -15 қаңтар.
8. Валиханов Ч. Ч. Избранные произведения. А., 1985, 154-б.
9. Қазақстан тарихы (көне заманнан бүгінге дейін). Бес томдық. 3-том. - Алматы: «Атамұра», 2002. – 768 бет.
10. Тейлор Э. Первобытная культура. – М., 1990; Фрейд З. Тотем и табу. – Тбилиси, 1991.
11. Қазақ мәдениеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2005. – 656-б. -589-590-б.б.
12. Агаджанов С. Г. Очерки истории огузов и туркмен Средней Азии IX – XII в.в. Ашхабад, 1969, 137-138-б.
11. Домусульманские верования и обряды в Средней Азии. М., 1975, 126, 129-130-б.
13. Снесарев Г. П. Хорезмские легенды как источник по истории религиозных культов Средней Азии. М.,1983, 80-100-б.
14. Тарақты Ақселеу. Көшпелілер тарихы. – Алматы, 1998, 7-б.
15. Әбушәріп С. Тұран-Түркістан тарихы мен өркениеті. – Түркістан: Мирас, 1999. –235 бет.
16. Турсунов Е.Д. Древнетюркский фольклор: истоки и становление. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2001. –172 с.
17. Қазақтың көне тарихы /Дайындаған М.Қали. – Алматы: Жалын, 1993. – 400 бет. -94-бет.
18. Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы. Қазақ бақсы-балгерлері. / Құрастырғандар Ж.Дәуренбеков, Е.Тұрсынов. –Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 бет.
19. [www. tdpu. uz](http://www.tdpu.uz)
20. [www. pedagog. uz](http://www.pedagog.uz)

21. [www. Ziyonet. uz](http://www.Ziyonet.uz)
22. www. edu. uz
23. [tdpu-INTRANET. Ped](#)

МАЗМҰНЫ

Автордың аннотациясы.....	4
Кіріспе.....	7

I ТАРАУ

1.1.Түркі халықтарына ортақ сенімдер.....	15
1.2.Аңшылыққа байланысты салт-дәстүрлер мен наным-сенімдер.....	24

II ТАРАУ

2.1. Қазақ халқының жануарларға байланысты наным-сенімдері.....	28
2.2. Ас беру және оған байланысты халық сенімдері.....	34
2.3. Салт-дәстүрлер мен наным-сенімдерге байланысты сыныптан тыс сабақ үлгісі.....	47
Қорытынды.....	53
Пайдаланған әдебиеттер.....	57